




| | |
|---|-----------|
| Аттап кетуге болмайтын алғы сөз | 2 |
| Бірге немесе бөлек жазу нені білдіреді? | 4 |
| Босаралық не үшін қажет болды..... | 4 |
| Бірге жазудың тарихы бар ма?..... | 5 |
| Сөздер қалай бірігеді? | 7 |
| Бекітейік | 8 |
| Бірге жазудың белгілері қандай? | 10 |
| Қосымшалардың сөз біріктіретін қасиеті..... | 10 |
| Бекітейік | 15 |
| Сөздің сөз жасайтын қасиеті..... | 16 |
| <i>Хана</i> жұрнақ па? | 16 |
| <i>Құмар</i> -дың «құмарлығы»..... | 16 |
| <i>Аралық</i> сөзі бірге жазылады | 17 |
| <i>Тану</i> -ды таныдық па? | 17 |
| <i>Жай</i> сөзімен «жай» сөздер бірікпейді | 17 |
| Жанды сөзі сын есім ғана емес..... | 17 |
| Бекітейік | 19 |
| Толық мағыналы сөздер де көмекші болғысы келеді | 22 |
| Жинақтаушы құрастыруыштар | 28 |
| Бекітейік | 30 |
| Сөзалды сыңарлар | 31 |
| Ішкі белгі | 37 |
| Қиын емес..... | 39 |
| Бекітейік | 43 |
| Қажетгі әдебиеттер | 44 |
| Жаңа терминдер | 45 |
| Бөлек жазылатын сөздер қандай болады? | 46 |
| Емле сөздігі..... | 51 |

Еңбек «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2015» мемлекеттік грантының қаржысына шығарылды



АТТАП КЕТУГЕ БОЛМАЙТЫН АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті жас дос!

Хат танып, білім алғалы өзіңе қазақ тіліндегі қандай сөздердің жазылуы қиындық тудырып келеді? Диктант, мазмұндама, шығарма, жаттығу жазған кезде, қай сөздердің емлесіне күмәнданып, оны мұғалімнен сұрап немесе орфографиялық сөздіктен іздеп, «әуре боласың»?

А-ә әрпінің қайсысы екенін білу қиындығы ма? Мысалы, *ләззәт* па, *ләззат* па? *Әйбат* па, *әйбәт* па?

Әлде **ы-і** мен **ү-ү**-ні анықтау ма? Құ-

лын, жұлдыз, бүгін сияқты сөздерді *құлұн, жұлдұз, бүгүн* деп жазып қоясың ба?

Немесе **и** мен **у** әріптерінің жазылуы ма? Мысалы, *суыйды* деп жазамыз ба, әлде *суиды* ма; *ииді* ме, *ийді* ме?; *байуы* ма, әлде *баюы* ма?

Болмаса **ы, і** әріптері жазыла ма, жоқ па деген сауал мазалай ма? Мысалы, *бағылан* – *бағлан*, *тағылым* – *тағлым*, *қорытынды* – *қортынды*, *сіңілі* – *сіңлі*, қайсысы дұрыс, мен де білмеймін...

«Бас әріп қай кезде қолданылады» ма?

Әлде сен бұл қиындықтардың бәрінен өтіп, енді тек қысқарған сөздердің жазылуын және қай сөзді бірге, қай сөзді бөлек, қай сөзді дефиспен (*ерке-бұлан, еркебұлан, ерке бұлан; мамыра-жай, мамыра жай; ем-дом, емдом; ұрда-жық, ұрдажық*) жазу керек деген мәселеге келіп тірелдің бе?

Ендеше бұл қиындыққа ұшырайтын жалғыз сен емессің, қолына қалам ұстаған үлкенді-кішіміз де, ғалымдар да, жазушылар да, мұғалімдер де бұның жауабын іздеп жүр. Әсіресе сөздердің бірге, бөлек жазылуы – баршамыздың мәселемізге айналды. Тіпті бұл – емле ережесін жасап, орфографиялық сөздік түзетін, қазақ тілі оқулықтарын жазатын ғалымдарды да тығырыққа тірейді. Сондықтан кейде бұндай қатені оқулық, кітап, газет-журнал беттерінен байқап қалсақ, қате деп танымай өте шығатынды шығардық.

Бірақ бұл әлі шешілмей жатқан мәселе екен деп, бір сөзді біресе бөлек, біресе бірге, біресе дефиспен таңбалай беруге болмайды. Өйткені бірге немесе бөлек жазудың ұстанымдары (принциптері) жоқ емес, бар. Оны мұғалімнің бірте-бірте меңгертіп те келе жатыр. Мәтінді көшірту, көркем әдебиет оқыту, диктант жаздырту – бәрі сенің сауаттылығың үшін керек.

Сондықтан өзің де төменгі сыныптардан бастап бірге жазылатын сөздердің тұрпатын көзбен жаттап, көңілге тоқып, жиі қолданылатын біріккен сөздердің емлесінен көп қиындық көрмей де жүрген шығарсың. Мысалы, *тасбақа, алтыбақан, ақсақал, бозторғай, сарыауру, халықара-*

лық сияқты біраз сөздерді бір бүтін тұлға ретінде ұғынып, біріктіріп жазудан қателеспей, тек сөз құрамына талдағанда екі сыңардан тұратынын көрсетесің. Алайда қолданылу жиілігі төмен енді бір топ сөздерді жазарда ойланып, айналаңнан сұрап, болмаса, орфографиялық сөздікке үңілесің. Мүлде жаңадан жасалған атауларға келгенде тіпті сырттан көмек керек.

Ендеше бұл құрал саған арналады! Асықпай оқып шық. Керегін кестеге сызып ал. Дәптеріңнің ішкі мұқабасына жапсырып қой. Соңында түсінгеніңді тексеретін тестен өт! Қатемен жұмыс жасап үйрен. Бұл норманы меңгерсең, басқасы сөз емес.

Тақырып жайлы пікірің болса, Алматыдағы Сулейман Демирель университеті «Қолданбалы лингвистика» зертханасына хабарлас.

Сенің ойың біз үшін маңызды.

ІСКЕ СӘТ!

P.S.:

Оқу құралдың жүйесі мен құрылымы жайлы маңызды кеңес берген ұстазым – профессор Нұргелді Уәлиге зор алғысымды айтамын.

Тапсырмалары мен безендірілуіне көмектескен СДУ магистранттары Айкерім Жұмағұл, Руслан Әділов, Айкүміс Махмұдқа, СДУ студенттері Әлия Өзбекбай мен Жания Былташеваға ризашылығымды білдіремін.

Бірге немесе бөлек жазу нені білдіреді?

Тұтас заттың бөліктен тұратынын және керісінше бөлшектер тұтасқан күйі ғана бір зат, деңе бола алатынын байқадың. Бүтін заттарды қабылдау мен түсіну – оңай болатынын байқадың. Солай ма?

Сол сияқты қағаздағы бір сөздің әріп тіркестері бір-біріне «ілесіп», «қолтықтасып» жазылса, оны біздің көзіміз тұтас көреді де, санамыз бүтін дүние ретінде қабылдайды.

Әдетте, ауызша сөйленген сөз физикалық тұрғыда үздіксіз бір-бірінен ажыратылмай айтыла алады, айтыла береді. Бірақ біз жазғанда әр сөзді бөлек жазамыз. Себебі әр сөз – бүтін зат, мәтін сияқты үлкен бүтіннің кішкентай бөлшектері. Автоматты түрде тез оқи алу үшін мәтіндер бос аралық қалдырылып, бөлшектеніп жазылады.



1-сурет

Досым, жалпы жаратылыстағы бірігу мен ажырау құбылысын білесің. Бірігу деген – бөлшек дүниенің тұтастығы, бір дене, зат болып құралуы болса, ажырау – бүтін дүниенің бөлшектенуі, бір-бірінен айырылуы, бөлінуі дегенді білдіреді. 1-суреттегі апельсиннің бүтін түрі мен аршылған, бөлінген түріне қара. Не байқадың?

Бірақ жазу тарихында бірден бос аралық қалдырып жаза қойған жазу болған жоқ. Сондықтан алғашқы жазу ескерткіштерінде сөз арасы бөлінбей жазылған (2-суреттегі Күлтегін жазуының тастағы көрінісіне қара).

Орхон-Енисей жазуларында аяқталған ой, абзацтан кейін жалғыз ғана белгі – қос нүкте қойылып отырған. Ал бүкіл мәтін тұтастай, үздіксіз бірге жазылған. Орыс жазуында да сөздердің арасына босаралық (пробел сөзінің аудармасы) тастап жазу XVIII ғасырда ғана қалыптаса бастады.

Сонда бөлек-бірге ұғымына байланысты бүгінде 3 белгі қолданылады:

Бөлек жазу → дефиспен жазу → бірге жазу.

Бөлек жазылу сөздің жеке-дара мағынасы бар, сөйлемнің дербес мүшесі бола алады дегенді білдіреді.

Дефиспен жазылу сөздер тең мағынадағы, бірдей қызметтегі сыңарлар, қосақталып жазылғанда ғана бүтін атау бола алады дегенді білдіреді.

Бірге жазылу деген сөздер сыңарымен бірігіп қана бүтін болады, бөлініп жазылса, сөз мағынасы өзгеріп кетеді дегенді білдіреді.

Босаралық не үшін қажет болды?

Әрине, бүгінгі күн тұрғысынан алсақ, жазылған ойды тез қабылдап, тез түсіну үшін қажет болды

деп айтарсың. Алайда, ең бастысы, көздің қабылдау мүмкіндігінен шыққан екен. Адам ежіктеп оқудан – «сыдыртып» оқуға көшкенде, әріпті жекелеп көрмейді, әріптер тізбегін, сөзді, тұтас сөз тіркесін көреді.

Психологиялық зерттеулерге назар аударсақ, адам бір сөзді 0,001 секундта оқып үлгереді екен. Сонда сөйлем мүшелерінің бір-бірінен алшак, «біріне-бірі кедергі жасамай», жазылуы көздің бөлшектеп көріп, тұтас көріністі қабылдауына жәрдемдеседі.

Сонымен,

- толық мағыналы сөздер арасына босаралық тастап жазу,

- жартылай аяқталған ойдан кейін үтір қою (үтірді А.Байтұрсынұлы *кіші тыныс* деп атаған);

- толық аяқталған ойдан соң нүкте қою (нүктені А.Байтұрсынұлы *ұлы тыныс* деп атаған);

- жаңа ойдың азатжолдан басталуы деген графикалық белгілер пайда болды.

Бірақ тұтас затты ажырата бастауда қиындық туды. Сөздердің бәрін бірдей бір-бірінен бөліп алу мүмкін емес екен. Кейбір бөлек жазуға болмайтын сөздер бар екен. Әсіресе екі сөзден тұратын кісі есімдерін ажыратып таңбалау ешбір «ақылға сыймады». Күлбаршын, Тоныкөк, Күлтегін, Ұлуходжа сияқты көне, орта түркі, ескі қазақ жазбаларындағы кісі аттары – алғашқы біріккен сөздер.

Сондай-ақ сөздер бірге айтыла-айтыла, кірігіп кетеді екен. Мысалы,

бұл + күн = бүгін

бұл + жыл = биыл

күн + түз (сырт, дала мағынасында) = күндіз

Қазақ тілінде сөздер кіріксе ғана бірге жазылған. *Белдің + бауы = белбеу* деп, сыңарлары өзара үндесіп, буын құрап, бір бүтін сөзге айналғанда ғана бірге жазылған. Ал әр сөз өзінің түбір тұлғасын сақтайтын күрделі сөздерді бірге таңбалауға аса сақтықпен қараған. Осылай келе сөздерді бірге, бөлек жазу қиындығы шыға бастайды.


Бірге жазудың тарихы бар ма?

X-XIX ғасырларда біз араб жазуын пайдаланғанымызды білесің. Бұл жазу сөздерді ажыратып жазуға бейім болды. Тіпті түбір мен қосымша бөлек жазылатын кездер болушы еді. Мысалы, *баланың* деген сөз – *бала ның* деп ажыратылып таңбаланған.

Ал 1912 жылы алғашқы ұлттық әліпбиімізді жасаған А.Байтұрсынұлы екі сыңары да жуан, не екі сыңары да жіңішке болған, яғни үндесімі бір күрделі сөзді бірге жазуды, ал сыңарлар бірі жуан, бірі жіңішке болса, яғни сөздер бейүндес болса, онда дефиспен жазуды ұсынған. Мысалы, *жел-бау* сөзі үндесім заңына сай емес, *бел-бау* сөзі де, ендеше бұларды дефиспен жазады. Ал *қолқап* сөзінің екі сыңары да жуан болғандықтан бірге жазады.

Не себептен олай жазды? Себебі А. Байтұрсынұлының жасаған төте жазу әліпбиінде бір «сиқырлы таяқ» болды! «Сиқырлы таяқ» сөздің алдында тұра қалса, сөз тұтастай жіңішке оқылды, ал ол таяқ бол-

2-сурет



маса сөз жуан оқылды. Өйткені төте жазуда дауысты дыбыстың 5 түрлі ғана әрпі болды, олар: **а, ы, о, ұ** және **е**. Сонда сиқырлы таяқ бұл дыбыстардың жіңішке достарын «сөйлетіп отырды»: **а-ә, ы-і, о-ө, ұ-ү**. Үн деп жазылған сөздің алдына сиқырлы таяқ келсе, үн болып оқылды. Бұны алғаш рет белгілі ғалым, профессор **Нүргелді Уәли** түсіндірген. Таяқтың аты – дәйекше. Халықаралық атауы – апостроф.

Енді үзілген ойымызды жалғайық: осындай қызметі бар дәйекшені бір сыңары жуан, бір сыңары жіңішке біріккен сөз алдында қоюға келмеген соң, А.Байтұрсынұлы оларды дефиспен жазған, *жсел-бау* деген сияқты. Сондықтан қосар емес сөздер қос сөз болып жазылған, ал бірыңғай жіңішке сыңарлардың алдына дәйекше қойған (3-сурет. 1913-1918 жж. арасында жарық көрген «Қазақ» газеті осындай ережемен жазылған).


Ал белгілі ғалым, профессор Қ. Жұбанов біріккен сөз сыңарларының мазмұнына үңіліп, тура мағынасында тұрмаған сыңарлардың қосылып жазылуы керектігін айтқан. Мысалы, қолқ(ғ)ап дегенде қап – «мешок» мағынасында емес, бір нәрсенің сыртын орап тұратын «чехол» мағынасында жұмсалып тұр, сондықтан бірге жазылады дейді. Сол сияқты «бастың шүйде сүйегі» – *қарақұс пен қарға – қара құс* дегендегі *қара құс*-ты салыстырып, алдыңғысы өз мағынасынан мүлде ауытқып тұр деп анықтаған.

Сөйтіп, бірге жазу бірте-бірте дағдыға айнала бастады, газет-журнал, кітап беттерінде біріккен сөздердің саны көбейеді.

Ең алғаш 1941 жылы жарық көрген Емле сөздігінде тіпті қазір бөлек таңбаланатын *асықжілік, атқора, біркүні, күретамыр, қаракөлеңке* сөздері бірге жазылған. Сөздерді бірге жазған сайын проблема да көбейе түскен. Мысалы, «*аяқкіім* сөзі бірігіп жазылса, *иш киім, сырт киім* сөздері неге бөлек жазылады?» немесе «ауылшаруашылық бірге, мал шаруашылығы неге бөлек?» деген сияқты.

Осындай сұрақтар көбейген соң, біріккен сөздің құрамы тексерілді. Енді екі сыңардың алдыңғысы анықтап, артқысы анықталып, қандай деген сұраққа жауап беріп тұрса, ондай күрделі сөздер бөлек жазылатын болды. Мысалы, *ат қора* (қандай қора?), *аяқкіім* (қандай киім?), *темір жол* (қандай жол?). Сөйтіп, 1963 жылы жарық көрген Орфографиялық сөздікте біріккен сөздер саны едәуір азайып қалды. Бірақ қалың көпшілік сөздерді бірге жазу дағдысынан айырылмады. 1978 жылы шыққан Орфографиялық сөздік жұртшылықтың ұсынысын қабылдады, яғни бірге жазылатын сөздер біртіндеп көбейе бастады.

Қазақ тіліндегі Орфографиялық сөздіктің үшінші – 1988 жылғы басылымы біріккен сөз қатарын тағы молайтты. Ал 2001 жылғы басылуында бұл



3-сурет

топ өсімдік, аң, құс атауларының бірігіп жазылуымен ерекшеленеді. Міне, досым, өзін ажырата алмай жүрген біріккен сөздер мәселесі өте ертеде басталғанын байқадың.

Сөздер қалай бірігеді?

Бірге жазу үшін қандай өлшем, қай белгі болу керек дегенде қолыңдағы оқулық – «Бір сұраққа жауап беріп, бір сөйлем мүшесі болатын, бір зат не ұғымды білдіретін сөздер бірігіп жазылады» деп жауап береді. Бірақ *сары ала, он бір, жүз екі, тас жол* сияқты бөлек-бөлек жазылатын сөздер де бір заттың атауы болып, ортақ сұраққа жауап береді, бір сөйлем мүшесі болады. Ендеше бұлар да бірге жазылуы керек дер едік. Алайда бұл – бірге, бөлек жазылатын сөздердің ішкі мағыналық құрылымын, сыртқы «көйлегін» байқамау деген сөз. Сенің бірнеше рет кездестірген не жазып жүрген біріккен сөздің емлесінен шатаспайтын себебін: оны «көзін суретке түсіріп алады». Сөйтеді де, келесіде автоматты түрде, ойланбай, бірге таңбалай бересің.

Ал енді «суреті ойына салынбаған» біріккен сөздерге келгенде оның мағынасына мән беріп, ол мағына әр сыңар мағынасына сәйкес келе ме, жоқ па деп ойланасың.

Дәл осылай бір сәт ойланып көрдің бе? Ойланып көрсең, онда дұрыс жолда келе жатқаның. Және қолыңдағы құралды оңай игеріп алатын болдың. Өйткені қазақ тіліндегі күрделі сөздер «жайдан-жай», «себепсізден-себепсіз» бірге жазыла бермейді.

- Қазақ тіліндегі құрама сөздердің сыңарлары ортақ бір қосымшамен аяқталу керек (мысалы, *сут-қоректілер* деген сияқты),

- не соңғы сыңары жалпы, дерексіз мәнде бірнеше тіркес бойында қайталана беруі керек (мысалы, *аңқұмар, арызқұмар, атаққұмар, атқұмар, әңгімеқұмар* деген сияқты),

- болмаса екі сыңары да тура мағынасынан ауытқып өзге мағыналық реңкке көшуі (мысалы, *ақсақал, ақшиет* деген сияқты) керек.

Көбіне сөздердің бірігуіне мағынадағы өзгеріс себеп болады. Мысалы, *асқазан* сөзі мен *тай қазан* сөзі неге екі түрлі жазылады? Себебі: *асқазан* сөзінің *ас* және *қазан* сыңарлары, әсіресе соңғысы өз мағына-

сында, яғни «тамақ істейтін шойын ыдыс» мәнінде тұрған жоқ. Ол тек «ауыздан жеген тағам барып тоқтайтын, қорытылудың алғашқы сатысы жүретін орын» деген мағынада тұр. Ал *тай қазан* сөзіндегі *қазан* өзінің тура мағынасында жұмсалған.

Жалпы, кез келген біріккен не күрделі сөздің «ішін ашып» көрсек, сөйлем не сөз тіркесін тауып аламыз. Сонда табылған сөйлем мен күрделі сөз сыңарлары өзара қайталанса, сөздер бөлек жазылады, өзара қайталанбаса, бірге жазылады.

Мысалы:

ас қорытылатын ағза мүшесі ≠ **АСҚАЗАН**
тайдың еті толығымен сыйып кететін қазан = **ТАЙ ҚАЗАН**
шаштың ұш жағын қоса өріп, байлайтын
ызба жіп ≠ **ШАШБАУ**
қайыстан жасалған бау = **ҚАЙЫС БАУ**
ат тұратын қора = **АТ ҚОРА**

Бірақ бұлай тексеру – оңай «шаруа» емес. Барлық сөздің мағынасын біле білмейсің. Мысалы, *бозторғай* – боз түсті торғай, *ақсақал* – ақ түсті сақал десең, онда бөлек жазар едің.

Сондықтан, құрметті оқушым, мәселенің байыбына бару үшін сенің назарыңа осы құралды ұсынып отырмыз. Әрине, оны оқып алып, сауатты бола қалмайсың.

Бір ескеретіні – бұл құралды бір сөздің жазылуын ғана білу үшін пайдаланбайсың (сөздік сияқты). Мұндағы белгілерді саналы түрде игеріп, «миына құйып» алсаң, Орфографиялық сөздік іздеп әуре болмауың мүмкін.

Ең алдымен, Қ.Жұбанов алғаш көрсеткендей, біріккен сөз сыңарларының мағынасына назар аудару керек болады. Бірақ мағынаны өлшем қылу әркімнің қолынан келе бермейді. Сондықтан «қолмен ұстайтын, көзбен көретін» бір деректі нәрсені тиек ету керек. Орыс тілінде біріккен сөзді ұластыратын -о, -е дауыстылары бар, яғни *грузОподъемник, народОнаселение, огнЕтушитель* деген сөздерде о, е – «соединительные гласные». Ал қазақ тілінде екі сөз арасын қосатын дауысты болмайды. Бірақ түркі тілдері жалғамалы тіл болып табылады. Жалғамалы тіл дегеніміз – сөз мағынасы түбірге қосымшалар (жұрнақ, жал-

Бірге ме, бөлек пе?

ғау) жалғану арқылы жасалатын, түрленетін тілдер. Орыс тілі мен ағылшын тілі жалғамалы тілге жата ма, ойлан.

Енді қазақ тілінің осы жалғамалық сипатына сай бізде сөз арасына қосылатын дауыстылар емес, сөз аяғына қосылатын қосымшалар бар. Мысалы: *ашатұяқтыЛАР, желбезектыныстыЛАР,*

ашкөзДІК, алжанҚЫШ, кіржуҒЫШ. Бұлар сөзді біріктіретін қабілетке ие бола бастады.

Сонымен, «қолмен ұстауға келетін» мұндай белгілерді шартты түрде **сыртқы белгілер** деп атай тұрайық та, біріккен сөздердің осы тобын сөз етейік.

Төменде берілген тұжырымдарды дұрыс деп ойласаң – 1, қате деп санасаң – 2 қой

Алдымен өткенімізді бекітейік! >



- Адамдар ертеде сөздерді босаралықсыз жазған.
- Ең алғашқы біріккен сөздер кісі есімдері.
- Асқазан* сөзі бірге, *тай қазан* сөзі бөлек жазылады.
- Қарақұс* – бастың шүйде сүйегі
- Сөздердің дұрыс жазылуын көрсететін қазақ тілінің Орфографиялық сөздігі алғаш 1941 жылы жарық көрді

*Жалпы ұпай саны 5-ке тең болса, жауабың дұрыс. Ұпай саны одан асып кетсе келесі тақырыпты оқи отырып, қателеріңді түзет

Пысықтау сұрақтарына жауап бер

Босаралық дегеніміз не? Осы терминге морфологиялық талдау жаса. Дәйекшенің қандай сиқырлы қызметі болған? Сөздер қандай жағдайда біріге алады екен?

Сиқырлы таяқ қайда?

Қай сөздердің алдына сиқырлы таяқ қояр едің?

Дәріхана, тісжегі, қаларалық, ауызашар, белтамыр, мектепшілік

Тест сұрақтарын шешіп көр

1. Қ. Жұбанов тура мағынасында тұрмаған сыңарлары бар сөздер деген.

- А) бірге жазылады
- Ә) бөлек жазылады
- Б) бас әріппен жазылады
- В) дефиспен жазылады

2. А.Байтұрсынұлы әліпбиі бойынша қай сөз дефиспен жазылатынын анықта:

- А) шекара
- Ә) қарақұс
- Б) белбеу
- В) көзәйнек

3. Құрама сөздің соңғы сыңары жалпы, дерексіз мәнде бірнеше тіркес бойында қайталана берсе

- А) бірге жазыла бастайды
- Ә) бөлек жазыла бастайды
- Б) кіріге бастайды
- В) дефиспен жазыла бастайды

4. Орхон-Енисей жазуларында аяқталған ой, абзацтан кейін қандай белгі қойылғанын белгіле:

- А) қос нүкте
- Ә) нүкте
- Б) сызықша
- В) бас әріппен басталған

5. Сыртқы белгілер дегеніміз не?

- А) бас әріп
- Ә) бірге жазылу
- Б) бірге жазуға негіз болатын қосымшалар
- В) мағынадағы өзгеріс

Досыңмен бірге орындап көр

Сөздердің бірге немесе бөлек жазылуының сыры мен мәнін түсіну үшін кез келген шағын мәтінді алып, ешқандай босаралықсыз, тыныс белгісіз жаз. Сосын досыңмен алмастыр. Не байқадың? Қандай қиындықтар кездесті?



Бірге жазудың белгілері қандай?



Сөздердің бөлек және дефиспен жазылуына белгі іздеудің қажеті аздау. Ал бірге жазылатын сөздердің қандай да бір белгісі болғаны қажет. Яғни сөздің сыртқы тұрпатына қарап, бірге жазылатынын анықтай аласың. Сондықтан жалпы бірге жазылатын сөздердің 2 белгісі болады: сыртқы белгілер және ішкі белгілер. Атауы айтып тұрғандай, сыртқы белгі – сөздің формасынан бірге жазылатыны байқалып тұрады деген сөз. Сыртқы белгілер 2-ге бөлінеді: **ұластыруыштар** және **құрастыруыштар**. Ұластыруыштарға екі сыңар соңынан жалғанатын қосымшалар жатады. Құрастыруыштарға жартылай жұрнақ, жартылай сөз қызметіне ауысқан аффиксоидтар (сөз соңы сыңарлар) мен префиксоидтар (сөз алды сыңарлар); стандарт және жинақтаушы құрастыруыштар жатады. Ал ішкі белгіге сөз сыңарларының ауыспалы мағынаға көшуін аламыз. Түсінбедің бе? Қазір түсінесің!

Қосымшалардың сөзді біріктіретін қасиеті

Қазақ тілінде біраз қосымшалардың қатар тұрған екі сөзді бір сөзге айналдырып жіберетін қасиеті бар екен. Ондай қабілеті барларға төмендегі жұрнақтар жатады. Оларды **сөзұластыруыш жұрнақтар** деп

атап қояйық. Ұластыру деген сөз «бір-біріне жақын нәрселерді жалғастыру, қосу, біріктіру» деген мағынаны береді. Ендеше екі сөзді ұластыратын жұрнақ деген осы.

-лар жалғауының сиқыры

-лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер көптік жалғауының көптік мағына үстеуімен қатар, топтау, жалпылау мағынасы бар екені өзіне белгілі. Мысалы, *апам, апамдар* дегенде соңғысы «*апам* және әкем, ағам барлығы» дегенді меңзейді. Көптік жалғауының, міне, осы қасиеті биология, жануартану, өсімдіктану терминдерінің бірігіп жазылуын оңайлатқан. Мысалы: *аша тұяқты жануар, желбезек*

тынысты балық дегендердің отряды бір ғана атаумен *желбезектыныстылар, ашатұяқтылар* деп ықшамдалғаны термин ретінде де, оқығанда көздің 7-8 буынға дейін «қарпып» көруіне де еш кедергі жасамай, сананың тұтас дүние ретінде қабылдауына да көмектеседі.

Сонымен, құрамында **-лар** жалғауы бар зоологиялық, ботаникалық атаулардың бірігіп жазылатынын

есте сақтап алыңдар, мысалы:

| | | |
|------------------------|----------------------|-----------------------------|
| <i>ағашкеміргіштер</i> | <i>есекаяқтылар</i> | <i>шатырғұлділер</i> |
| <i>азқылтықтылар</i> | <i>есекеаяқтылар</i> | <i>тұзуқанааттылар</i> |
| <i>балыққоректілер</i> | <i>қосжыныстылар</i> | <i>шатыршағұлділер т.б.</i> |

Оқу құралдың соңында сөздер тізбесі бар. Бұл сөздер емле сөздігінде дәл осылай берілген. Егер *-лар* жалғауымен келген, бірақ сөздікте жоқ, зоологиялық атауды жазу керек болса, ойланбай бірге жазуына болады. Бірақ, *тест тапсырушылар*, *ақ халат*

тылар, *ауылға келушілер* деген сөздерді бірге жаза алмайсың. Оның себебі бұл сөздердің құрамы тұрақты емес, еркін сөз тіркесі, мысалы, *тест тапсырушыларды емтихан тапсырушылар* деп те, *ақ халаттыларды көк халаттылар* деп те айтуымыз мүмкін.

-лық жұрнағында не қызық бар?

Қазақ тіліндегі *-лық*, *-лік*, *-дық*, *-дік*, *-тық*, *-тік* қосымшасымен келетін сөздердің бірігіп жазылатынын өзің де байқаған боларсың. Мысалы, *дүние жүзі*, бірақ: *дүниежүзілік*; *көр соқыр*, бірақ: *көрсоқырлық*; *қол байлау*, бірақ: *қолбайлаушылықтық* т.с.с.

Бұл жұрнақтың сөзұластыруыштық қасиеті оның өзі жалғанған сөзді дерексіздендіріп, жал-

пыландырып жіберуіне байланысты. Мысалы: *ақылды* – *ақылдылық*, *мұғалім* – *мұғалімдік* дегенде соңғы сөздер дерексізденіп барады. Сонда екі сыңардан тұратын кез келген сөзге *-лық* жұрнағы қосыла алу мүмкіндігі болса, олар бірге таңбала-на алатынын ескеріп отыр. Бұл сөздер көбінесе қоғамдық-саяси және дерексіз атаулар жасайды, мысалы:

| | | |
|---------------------|-------------------------|-----------------------|
| <i>ауызбірлік</i> | <i>тұраралық</i> | <i>ақкөңілдік</i> |
| <i>араағайындық</i> | <i>түрімілік</i> | <i>кішіпейілділік</i> |
| <i>дүниежүзілік</i> | <i>асырасілтеушілік</i> | <i>шаласауаттылық</i> |
| <i>ортағасырлық</i> | <i>кісіқызығарлық</i> | <i>жүрекжүтқандық</i> |

-лы жұрнағы «әрі-сәрі» болып жүр

Не себепті дейсің ғой? Әрине, *-лы*, *-лі*, *-ды*, *-ді*, *-ты*, *-ті* жұрнағы зат есімнен сын есім тудырады. Мысалы: *тау* – *таулы*, *май* – *майлы*. Енді бұл жұрнақ күрделі сын есім жасауға көшкісі келеді. Мысалы, «қазақ тілінде жазылған кітаптар» деген мағынаны *қазақтілді кітаптар*, «ағылшын тіліндегі кітаптар» дегенді *ағылшынтілді кітаптар* деп жазатын болдық. Бірақ барлық сөздерді бұлай біріктіре алмайды. Сондықтан «әрі-сәрі болып жүр». Әрі-сәрі болу деген қалауын толық біл-

мей, біресе былай, біресе басқаша жасап жүр деген сөз екенін білесің.

Дегенмен, анық бірге жазылатын сөздер бар, мысалы, *қолжетімді* (көпшілікке лайықты), *құсқоректі* (құстармен қоректенетін), *бұтақмұртты* (жәндік), *гүлжапырақты* (өсімдік), *бесқасты* (жүзік), *бесмүйізді* (өсімдік), *дәмжемісті* (өсімдік), *басыбайлы* (біреудің меншігінде, тәуелді), *бессалалы* (өсімдік). Басқа сөздерді оқу құралдың соңындағы сөзтізбеден қара.

-ар жұрнағының «өнері»

Есімшенің *-ар*, *-ер* деген өзіңе жақсы таныс жұрнағы жалғанған сөздер қимыл-әрекеттің қазір де,

болашақта да орындалатынын меңзейтіні белгілі, былайша айтқанда, ауыспалы мезгілді білдіреді.

Енді осы жұрнақ есім сөз бен етістіктен тұрған қандай да бір ұғым, затты білдіретін тіркеске жалғанса, сол тіркесті бүтінмен заттандырып, бір атау етіп жібереді екен.

Қызық! Мысалы, «алып, оны қайта сатушы» деген мағынаны *алыпсат + ар*, «орнында жүретін адам» деген мағынаны *орынбас + ар* деген бүтін сөз оп-оңай «арқалап алып жөнелді!» Мұндай біріккен сөздер көбіне салт-дәстүр, өсімдік атаулары болып келетін көрінеді:

**тұсаукесер, алыпсатар, атшабар
атқамінер, басбұзар, құдатартар**

Байқап қарасаңыз, мұндағы алдыңғы сыңардың табыс жалғауы жасырын қалған, мысалы:

**ұйқыны + ашу = ұйқыашар,
оқты + қағады = оққағар.**

Бірақ барыс жалғауы бар тіркестер де біріге алады екен: *тіске + басу = тіскебасар, атқа + міну = атқамінер* т.с.с. Ендеше бұл жұрнақ сөздерді біріктіремін десе, кедергіге «қарамайды» екен. Бірақ *орманға барар жол, көлге түсер уақыт* дегенде алдыңғы екі сөзді бірге жаза аласың ба? Әрине, жазбайсың! Оның себебі неде? Оның себебі соңғы тіркестер зат не ұғымның атауы емес. Сонымен, *-ар, -ер, -р* жұрнағымен келген барлық есім + етістік тіркесін біріктіре алмаймыз, әрине. Тек зат, ұғым атауын беретін сөздерді ғана босаралықсыз таңбалайтын боласың.

*ауызашар
тұсаукесер
атшабар
басбұзар
тілашар*

*босағаатттар
алыпсатар
атқамінер
құдатартар
ізашар*

-қыш жұрнағының «қылығы»

Қазақ тіліндегі етістіктен есім жасайтын *-ғыш, -гіш, -қыш, -кіш* жұрнағы, әдетте белгілі бір істі, қимылды үнемі қайталайтын немесе бір нәрсеге бейім, қабілеті бар деген мағынаны береді. Мысалы: *жаза беретін адам – жазғыш, жоғалған нәрсені тез тауып алатын – тапқыш* деген сияқты. Енді осы жұрнақ тіркесті түгелімен заттандырып, бүтін бір сөз жасай алады екен. Олардың көбі құрал-жабдық, техника атаулары болып келеді. Және алғашында қашықтық

өлшеуіш аппарат, кір жуғыш машина, қар тазартатын трактор деп қолданылады. Жиі қайталана келе, жинақы атауға айналады. *Тазартқыш трактор, өлшеуіш аппарат* деп қысқара алмады, себебі «нені тазартқыш?», «нені өлшеуіш?» деген сұрақтар бар. Әрі *трактор, машина, аппарат* дегендер – өте жалпы мағыналы сөздер. Сөйтіп, жалпы мағынадағы соңғы сыңар керексіз болып қалған.

Мысалы,

*сабынсалғыш
өнертапқыш
сиясорғыш
құмшайғыш
құлақкигіш*

*пішенжинағыш
суөлшегіш
құмшатқыш
қызылшақопарғыш
қылжуғыш.*

-ты жұрнағы сөзді қалай желдіртті?

Досым, жедел өткен шақ жұрнағымен де сөздер бірігіп жатыр. Олардың біршамасы *басты* етістігімен

тіркескен. Басты сөзі «қаптады», «көбейді» деген мағынаны да беретінін білесің ғой?

Сонымен, балабасты, қамытбасты (айдағанға көнгіш) сөздері, сондай-ақ немкетті, немқұрайлы (нем құриды?), сүйкейсалды, әлімжетті, жүребітті, көкейтесті, көкейкесті, күнқақты (болу), қамытқақты (әл-қуаты кеткен), құлақкесті (құл), өзекжарды (уайым), пышақкесті (тыйылу), сусоқты (болу), белбеусоқты (ойын), атсоқты (болу), желқақты (болу), қамшыкесті (жылқы малына қатысты), қанқұйлы сөздері бірге жазылады.

-ма, -ме қосымшасы да сөзді біріктіре ме?

... біріктіретін болыпты.

-ма, -ме – болымсыздық жұрнағы екені белгілі. Өзі зат есім жасайды. Осы қасиеті есім мен етістік тіркесін, күрделі етістікті заттандырып жібереді.

Мысалы:

**Жолды + сілте = жолсілтеме,
шығарып + салу = шығарыпсалма.**

-ма, -ме жұрнағымен келген мына сөздердің жазылуын көзіңе «суретке түсіріп» ал:

айкезбе, ақжайма, аққатпа, алыпқашпа, алыпұшпа, атқума, баукеспе, бауырқоппе, белбүрме, бензинқұйма (жанармай құятын құрылғы), елкезбе, жерқазба, жерқойма, жолжазба, жолсілтеме, иекартпа, кенкөтерме, күнтүзбе, қазанаспа, қазанжаппа, қарынбүрме, қолжазба, сарсолма, сөзтізбе, суырыпсалма, шығарыпсалма, ізжазба және т.б

Сондай-ақ

-ыс, -іс,

-қ, -ық

-қы, -кі жұрнақтары да сөздерді біріктіруге көшіп жүр:

**ақауатпқы
бұқыздырғы
жарықтүсіргі
көзтүрткі
басбілгі**

Алайда бұларды *жаза басты* (жаңылысты), *қара басты* (жолы болмады) *бауыр басты* (жақын тартты) деген фразеологизмдермен шатастырып алма. Олар не істеді? қайтті? деген сауалға жауап береді. Ал алдыңғылар – *атсоқты болып шаршадым* (қайттім?), *пышақкесті тыйылды* (не болды?), *көкейкесті мәселе* (қандай мәселе?) деп, басқа сөз табына айналып кеткендер.

сияқты сөздердің құрамынан **-қы, -ғы, -кі, -гі** жұрнағын байқадың ба?

Ал

беталыс

бетбұрыс

беттырнас

бұқатармыс

қантөгіс

құлаққағыс

өгізтармыс

серкетармыс

сөздеріндегі ортақ қосымша қайсы? Әрине, етістіктен зат есім жасайтын **-(ы)с** жұрнағы.

Мына қатардың бір форма «киіп» тұрғанын бұрын байқамаған боларсың:

бөріойнақ

қанойнақ

қантышқақ

қанұйық

сақинасалмақ


тақиятелпек.

Енді байқап қара: әр алуан сөз болса да, **-(ы)қ** жұрнағы арқылы бір заттың атауы болып тұр.

Есіңе сақта!

Бұрын «лексиконыңда» болмаған сөзді жазуға тура келсе, құрамында осы жұрнақтардың біреуі бар ма екен деп «қара», болса, еш ойланбастан бірге жазуыңа болады.


Өйткені жанадан жасалған атау сөздердің барлығы Орфографиялық сөздікке алынып үлгермей жатады. Ал сенің бірге таңбалағаның сыртқы белгісі бар біріккен сөздерге сай келеді.



Сонымен, мына
ұластыруыш
қосымшаларды
еске сақта

4-сурет. Ұластыруыш қосымшалармен келетін сөздердің үлес салмағы

Ұластыруыштар



БЕКІТЕЙІК! >>>>




«Дұрыс/ Бұрыс» ойыны

Шарты: Тұжырымдарды мұқият оқы. Дұрысына « ✓ », дұрыс емесіне « × » белгісін қой.

- 1) *-лық* жұрнағы қоғамдық-саяси терминдер жасайды.
- 2) Ұластыруыштар дегеніміз сөздің соңғы сыңары.
- 3) Биология, жануартану, өсімдіктану терминдерінің бірігіп жазылуын жеңілдеткен – көптік жалғауы.
- 4) *Атқамінер* сөзінің алдыңғы сыңарында табыс жалғауы жасырын тұр.
- 5) Жедел өткен шақ жұрнағымен де сөздер бірігіп жатыр.

Бөлекбай мен Бірлікбектің қайсысының командасында бала көп екенін анықта. Біріккен сөздерді Бірлікбекке, бөлек жазылатын сөздерді Бөлекбайға жинап бер.



Сөзұластыруыштар жазылған ұяшықтарды белгілеп көрсет.

| | | | | | |
|-------------|-------------|-------------|-------------|-------------|-------------|
| <i>-ғар</i> | <i>-мен</i> | <i>-зақ</i> | <i>-іс</i> | <i>-ма</i> | <i>-ме</i> |
| <i>-тық</i> | <i>-ған</i> | <i>-гіш</i> | <i>-тал</i> | <i>-ты</i> | <i>-ғар</i> |
| <i>-ар</i> | <i>-ын</i> | <i>-шар</i> | <i>-қ</i> | <i>-наз</i> | <i>-кі</i> |

Төмендегі анықтама берілген қатарды жұрнақ және 3 мысалмен толықтыр

| Анықтама | жұрнақ | 3 мысал |
|--|----------------------|----------------------|
| Көбіне зоологиялық, биологиялық атаулар жасайды. | <input type="text"/> | <input type="text"/> |
| Қоғамдық-саяси лексика жасайды. | <input type="text"/> | <input type="text"/> |
| Тұрмыстық, техникалық атаулар жасайды. | <input type="text"/> | <input type="text"/> |
| Кәде, ырым, дәстүр, сындық атаулар жасайды. | <input type="text"/> | <input type="text"/> |

СӨздердің СӨЗ ж асайтын қасиеті

Сөздердің СӨЗ жасайтын қасиеті

Енді назарыңды мына бір жайға аударғымыз келеді. Өзің білесің, тілде кейде жартылай сөз, жартылай жұрнақ болып кететін, жалғыз тұрса мағынасын толық көрсете алмайтын, басқа бір сөздің жетегінде өз мағынасын нақтылайтын, бірақ құрамы айқын көрініп тұратын сөздер болады. Мысалы, *әңгімеқұмар, адамтану, сыныпаралық, кітапхана* деген сөздерді алайық. Бұлардың алдыңғы сыңары (*әңгіме, адам, сынып, кітап*) мағыналық жүкті көбірек аркалап тұрған сияқты да, соңғы сыңары оларға қосымша, көмекші мән үстеп тұрған тәрізді (*құмар, тану, аралық, хана*). Алайда оларды көмекші сөз дей алмайсың, жеке дара сөз деп те атай алмайсың. Сондықтан олар тіркескен сыңарымен бірге жазылады. Ендеше оларды сөз жасаушы, **сөзқұрастыруыш** тұлғалар деп қарайық. Оларға *тану,*

құмар, жай, жанды, хана, аралық деген сөздер жатады.

ХАНА жұрнақ па?

«Хана» араб тілінен енген, «үй» мағынасындағы сөз еді. Тілімізде ол толық мағыналы сөз де, көмекші сөз де бола алмай, жұрнаққа айналып отыр.

Хана-мен біріккен сөздер 100-ден асады, мысалы, *асхана, аурухана, әжетхана, дәріхана, дәрісхана, қымызхана* т.б.

Хана-мен келетін басқа сөздер «Қазақ әдеби тілінің» онбестомдық түсіндірме сөздігінен алынып, оқу құралының соңында сөзтізбемен берілді. Бұл сөздер әдеби тіл мен сөйлеу және жергілікті тілде қолданыста болған, қазір де бар сөздер. Айтпақшы, бұл терминдердің аражігі былай ажырайды: **жергілікті тіл** деген белгілі бір аймақ адамдары ғана қолданатын, соларға жақсы түсінікті тіл, яғни диалект сөздері бар тіл. Ал **сөйлеу тілі** дегеніміз күн-

делікті тұрмыста, үй-ішінде, жақын құрбы-достарыңмен сөйлесетін, танымайтын көпшіліктің алдына шығып сөйлеуге жарамайтын тіл. Ал **әдеби тіл** бәрінен жоғары. Таныс та, таныс емес те айналаңмен сөйлесе беретін, жалпы жұртшылыққа түсінікті тіл, көбіне радио-теледидар, баспасөзде, ғылыми, ресми ортада қолданылатын тіл

Дегенмен бұл сөздердің жазылуынан өзің де шатаспайтын боларсың. Өйткені *хана* сөзі – толық мағыналы сөз ретінде қазақ тілінде қолданыла қоймаған, кірме сөз. Сондықтан *хана* сыңарымен келетін басқа да жаңа сөздерді біріктіріп жазуды ұмытпа.

ҚҰМАР-ДЫҢ ҚҰМАРЛЫҒЫ

Бұл сөз жеке де қолданылады, бір нәрсеге «ынтық», «ғашық», «жақсы көреді» деген мағынаны білдіреді. Мысалы: *Менің атам ертегі тыңдауға, әңгіме айтуға құмар еді.* Бірақ бұл сөздің тіркес құрамында қайталанатын, жаңа ұғым жасайтын кездері жиі. Сондықтан *құмар* сыңарлы құрама сөздерді бірге жазу оңай.

Құмар сыңары бар мына сөздерді бірге жазуды ұмытпаңдар:

| | |
|------------------|-------------------|
| <i>аңқұмар</i> | <i>арызқұмар</i> |
| <i>атаққұмар</i> | <i>атқұмар</i> |
| <i>ақшақұмар</i> | <i>әзілқұмар</i> |
| <i>әнқұмар</i> | <i>тәттіқұмар</i> |

Бұл сөз араб тілінен енген **-қор, -қой, -паз** жұрнақтарымен мағыналас, синонимдес жұмсала береді.

Енді сен *құмар* сөзімен келетін басқа сөздерді де бірге жазуға күмәнданбауың керек.

АРАЛЫҚ сөзі бірге жазылады!

Аралық сөзі *арасы, ортасы, жаны, қасы, маңы* деген сияқты көмекші сөздердің бірінен жасалған. Және бұған жоғарыдағы ұластыруыштар қатарындағы *-лық* жұрнағы қосылғандықтан бірге жазылатын болады.

ауыларалық ауданаралық
бағанаралық буынаралық
бөлімшеаралық деңгейаралық
салааралық пәнаралық

Тек бұл қатар ғана емес, *аралық* сыңарымен келетін басқа да сөздерді бірге жаза аласың.

ТАНУ-ДЫ ТАНЫДЫҚ ПА?

Емлемізде *тану* сыңарымен біріккен сөздердің жүйелі қатары бар. Олар:

абайтану,
адамтану,
ағаштану,
әдебиеттану,
әлеуметтану,
әуезовтану,
гипертану,
дүниетану,
театртану,
жануартану,

табиғаттану сияқты қазақ тілінің төл сөзі негізінде пайда болған термин сөздер.

Тану – *таны* етістігінің қимыл атау түрі. *Тану* «затты жан-жақты тексеріп, ажырату, айыру, зерттеу» мағынасында нысанмен тікелей тіркесуі (*Әуезовты таны*) анықтық күшін азайтады. Бұдан табыс жалғауы түсіріледі. Сөйтіп, анық қатынас танық қатынасқа (яғни бәріне белгілі, бәрі білетін деген сөз) айналады. *Әуезовты тану* жеке кісінің әрекетін көрсетсе, *әуезовтану* сөзі ортақ іс, ортақ әрекетті меңзейді. Сөздердің сондықтан терминдік, ресмилік

сипаты басым. Сонда *тану* сыңарлы бұл топ белгілі бір нысанды тексереді, ажыратады, зерттейтін ғылым саласы терминдерін құрайды.

ЖАЙ сөзімен «жай» сөздер бірікпейді

Жай сөзі «орын», «мекен», «тұрақ» деген мағынаны береді. Бірақ өте жалпы мәнде жұмсалады. Сондықтан алдыңғы сыңармен бірігіп «кеткісі келіп тұрады». Қандай да бір тұрақты білдіреді. *Жай* сөзімен келетін мына қатардың бірге жазылатынын ұмытпа:

әуежай
егінжай
еружай
жағажай
жылыжай
қонақжай
қонысжай
қоражай
мекенжай т.б.


ЖАНДЫ сөзі сын есім ғана емес

Жанды сөзі – «құмар, әуес» мағынасындағы сын есім болатын. Бірақ сөздерінде біріккен сын есім жасайды. Бұл қатардың бірігуін тездеткен сөз соңындағы *-ды* жұрнағы да еді (есіңе түсір: *-ды* жұрнағы сөзұластыруыш!).

ақынжанды
балажанды
дүниежанды
жауғанды
итжанды
қызылжанды
малжанды
нәзікжанды т.б.

5-сурет. Сөзқұрастыруыштардың үлес салмағы

Сөзқұрастыруыштар



Сонымен, сөз құрастыратын мынадай сөздер бар болып шықты.



БЕКІТЕЙІК! >>>>



Сыңарын тап

Сөздердің құрастыруыштарын тап.

| | | | | | |
|------|-------|-----|-------|------|--------|
| тану | құмар | жай | жанды | хана | аралық |
| | | | | | |

Сөздер: перзент, құрлық, дүние, әлеумет, қонақ, нәзік, мекен, өнер, табиғат, аудан, сән, шай, әңгіме, қымыз, ақын, тұрақ, жаратылыс, мектеп, атақ, шебер, тәтті, пән, әдебиет, жаға, құқық, жол, білім.

Сөйлем құрастырайық

Берілген сөзқұрастыруыш тұлғалар арқылы жасалған сөздердің мағынасын аш және олармен сөйлем құрастыр.

ұстахана, дүниеқұмар, жоларалық, өлкетану, бейжай, итжанды, малжай, гибраттану, еларалық, сауыққұмар

Жалғасын тап

Төмендегі сөйлемдердің жалғасын тап.

Кейбір сөздердің алдыңғы сыңары мағыналық жүкті көбірек арқалап тұрған сияқты да, ал соңғы сыңары ...

ҚҰМАР сөзі жеке де қолданылады, ...

ТАНУ сынарлы сөздер тобы белгілі бір нысанды тексереді, ...

ЖАНДЫ сөзі – ...

АРАЛЫҚ сөзіне ұластыруыштар қатарындағы ...

Үш қадамды тапсырма.

1-қадам: Анықтама.

Сөзқұрастыруыштар дегеніміз не? Түсінгенінді қорытып, өз анықтамаңды жаз.

2-қадам: Дәлелдеме.

Анықтамаңды мысал келтіре отырып дәлелде:


...

...

...

3-қадам: Құрастырма.

Кез келген сөзқұрастыруышты пайдаланып, жаңа сөз жасап көр.



Таңда да, талда.

Сөзқұрастыруыш тұлғалар арқылы жасалған барлық сөздердің мағынасын білесің бе? Бірнешеуімен сөйлем құрап жаз.

мансапқұмар –
еружай –
итжанды –
қызылжанды –

.....

.....

.....

.....

Сәйкестендір.

| | |
|--|-------|
| «Үй» мағынасындағы сөз | жанды |
| «Орын», «мекен», «тұрақ» мағынасын беретін сөз | жай |
| «Ынтық», «ғашық» мағынасындағы сөз | тану |
| Бір нысанды тексереді, ажыратады, зерттейтін ғылым саласы терминдерін жасайтын құрастыруыш | құмар |
| «Құмар, әуес» мағынасындағы сын есім тудырушы құрастыруыш | хана |

«Префиксоид» туралы не білдік? Берілген сызба көмегімен түсінгеніңді бекіт.



Берілген сөздерден сөз құрастырып көрші.



Толық мағыналы сөздер де көмекші болғысы келеді!


Толық мағыналы сөздер соңғы сынар болып, тіркес құрамында қайталануға берсе, мағынасы жалпылана береді екен. Жалпы мағыналы сөздер көмекші сөздерге ұқсап кетеді. Сондықтан бірге «жазылғысы» келеді.

Жазу барысында күрделі сөз кездесе, алдымен ол күнделікті тұрмыста бар бір заттың немесе ұғымның атауы ма деп бір ойлан, егер оған көзінді жеткізе алмасаң, сынарлары тура мағынасында тұр

ма, әлде біреуі көмекші болып қана тұр ма деп, екі ойлан.

Мысалы, *жукайқ* деген затты білмесең де, *аяқ* сөзінің тура мағынасында тұрмағанын сезер едің. Өйткені сөйлем өзі-ақ аңғартып тұрады. Мысалы: *Көрпелеріңді жукайққа әдемілеп жинап қойыпты.*

Сөйтіп, тағы мынадай сөздер толық мағыналы сөздерден көмекші сөздер қатарына өткізі келеді. Оларға **стандарт құрастыруыштар** деп ат қойып, айдар тақтық.



Хат сыңарлы біріккен сөздер

Хат – «біреумен хат-хабар алысу үшін жазылатын жазба». Сен хаттың, маңызын үлкен кісілердей – ата-анаңдай біле бермейсің. Бүгінде оның орнын телефон,

ғаламтор басқан. Ал шын мәніндегі хаттың мағынасы жоғарыдағыдай. Осы мағына жеке басқа қатысты жазылған құжат мағынасына көшкенде бірге жа-

зылатын болды. Оның себебі – егер бөлек жазылса, тура мағынасында түсінер едік. Сонымен, *алғысхат, ашықхат, нұсқаухат, сенімхат, қолхат, түсінік-*

хат, үндеухат, жолдаухат, қатынасхат, құсни-хат және тағы басқа сөздер *хат* сыңарымен жасалады.

Қап сыңарлы біріккен сөздер

Қап сөзі қазақ тілінде «мешок» мағынасында және бір нәрсенің сырты, қорғаныш болатын қабы, «чехол» мағынасында қолданылады. «Чехол» мағынасының жалпылығы басым болып, төмендегідей бірнеше сөздердің құрамында қайталана келе бірге жазыла бастаған: ⇒ ⇒ ⇒

Бұлардың ішінде тек *қолғап* сөзі ғана кіріккен сөзге айналған, қалғандары үндесім заңына сай айтылса да (мысалы, *буынқап* сөзі [бүүуңғап] деп естіледі), кірікпей, сыңар дербестіктері сақталып жазылады.

*аяққап
шашқап
шынықап
қазанқап
қолғап
кебежеқап
құлаққап
орындыққап
теңқап т.б.*

Шөп сыңарлы біріккен сөздер

Шөп сөзімен өсімдік атаулары жасалады, әрине. *Шөп* сөзі – жердің беткі қыртысына өсетін, мал жейтін де, мал жемейтін де барлық өсімдік атаулының жалпыхалықтық атауы. ХХ ғасырға дейін қазақ тілінде *өсімдік* сөзі қолданылмайтын еді. Өсімдік – орыс тіліндегі «растение» сөзінің қазақша жасанды баламасы ретінде актив қолданысқа 40-50жж. енді де, *шөп* табиғи, өздігінен өскен жалпы өсімдіктерді атайтын болып қалды. Сондықтан күрделі өсімдік атауларының соңғы сыңары болады: ⇒ ⇒ ⇒

| | |
|-------------------|------------------|
| <i>айдаршөп</i> | <i>мизамшөп</i> |
| <i>айланишөп</i> | <i>ойранишөп</i> |
| <i>арпашөп</i> | <i>өгейшөп</i> |
| <i>арамшөп</i> | <i>сағызшөп</i> |
| <i>ашуайтшөп</i> | <i>сабыншөп</i> |
| <i>ақтаспашөп</i> | т.б |

Гүл сыңарлы біріккен сөздер

Гүл атауы мағынасы жалпыланған сөз сыңарына айналды. Әртүрлі ұқсатулар мен теңеулерді бейнелейтін сөздермен бірігіп, гүл жаратын өсімдіктер аттарын таңбалайды: ⇒ ⇒ ⇒

| | |
|-----------------|----------------------|
| <i>азагүл</i> | <i>ұягүл</i> |
| <i>айгүл</i> | <i>шегіргүл</i> |
| <i>ақгүл</i> | <i>шерменгүл</i> |
| <i>анаргүл</i> | <i>інжугүл</i> |
| <i>айшықгүл</i> | <i>ымыртгүл т.б.</i> |

От (ы) сыңарлы біріккен сөздер

От – «мал жейтін қоректік шөп» атауы. Бұл сөз де әртүрлі ұқсатулар мен теңеулерді бейнелейтін сөздермен бірігіп, «мал жейтін шөп» түрлерін жасайтын болды: ⇒ ⇒ ⇒

Бір ескеретіні: *от* сөзі матаса байланысқан тіркес-

| | |
|--------------------|-----------------------|
| <i>ақот</i> | <i>семізот</i> |
| <i>аюоты</i> | <i>суыроты</i> |
| <i>бақаоты</i> | <i>торғайоты</i> |
| <i>балықоты</i> | <i>шаяноты сияқты</i> |
| <i>бұлдырықоты</i> | сөздер де, ендеше, |
| <i>күреңоты</i> | өсімдік атаулары. |
| <i>сабынот</i> | |

тен шыққанда тәуелдік жалғауының III жағы арқылы тілімізде *оты* түрінде сақталған. Сондықтан емле

сөздігінде *от(ы)* болып, екі вариантының қайсысымен жазсаң да қатеге саналмайды.

Жегі сыңарлы біріккен сөздер

«Жеп құртатын құрт, микроб» мағынасындағы *жегі* сөзі: ⇨ ⇨ ⇨
сияқты атаулардың құрамында XX ғасырдың 90 жылдарында ғана пайда болған өсімдіктану, тәнтану терминдерінің жүйелі қатарын жасайды. Бұл емлені есте сақтау қиындық тудырмайды. Өйткені *жегі* сөзінің тілімізде дербес қолданылуы сирек.

ағашжегі *тісжегі*
алмажегі *тұқымжегі*
балықжегі *шыбынжегі*
мамықжегі

Балық сыңарлы біріккен сөздер

Балық сөзі – суда жүретін жануарлардың жалпы атауы. Ал жалпы атаулар көбіне көмекші мағынаға көшіп отыратынын байқадың. Әртүрлі ұқсатулар мен теңеулерді бейнелейтін сөздермен бірігіп, балық түр атауларын жасайды: ⇨ ⇨ ⇨

айбалық *балғабалық*
ақбалық *тұнбабалық*
арабалық *тікенбалық*
арқанбалық *шегірбалық*
атбалық *шөмішбалық*

Ауру сыңарлы біріккен сөздер

Ауру сөзі – түйік етістіктен пайда болған зат есім. Бұл сөз де ауру аттарын әртүрлі ұқсатулар мен теңеулерді бейнелейтін сөздермен бірігіп, жасаған. Алдымен *жіңішкеауру*, *құртауру* сөздері пайда болған. Қазір мына 5-6 сөздің құрамында қайталанатын және бірге жазылады: ⇨ ⇨ ⇨

Бірақ *көз ауруы*, *бүйрек аурулары* сияқты атаулар бөлек жазылады. Оның себебі күрделі сөздің екі сыңары да өз мағынасында тұр, яғни қандай ауру? деген сұраққа нақты жауап береді. Және көзге қатысты, бүйрекке қатысты жалпы аурулар тобын атайды деген сөз. Ал *сарыауру* деген сөзге *қандай ауру?* деп сұрақ қойып, *сары* деген ғана жауап ала алмайсың. Екі сыңарды қатар айтуың керек. Келісесің бе?

сарыауру
жіңішкеауру
құртауру
өкпеауру
суауру
и тауру
күйекауру

Бір ескеретіні: екі сыңар жігінде қатар келген дауыстылар айтылғанда түсіріледі де, жазылғанда сақталады, яғни *сарауру* емес, *сарыауру* деп жазылады.

Ттой сыңарлы біріккен сөздер

Мына атаулардың бәріне ортақ стандарт мағына – «мереке, айтулы дата». Мұндағы ортақ сыңар осы мағынаны береді. Мысалы, *алтынтой* отбасылық өмірдегі «ат шаптырып, ас берген мерекелі жиынды» емес, «адам өміріндегі айтулы күн, өмірдеректің бір беті» мағынасында. Сондықтан тура мағынасында тұрмағандықтан бірге жазылады. ⇨ ⇨ ⇨

бесіктой *наурызтой*
қоныс той *сабантой*
сүндеттой *қолатой*
мүшелтой *күміс той*
мерейтой *алтынтой*

«Ақы» сыңарлы біріккен сөздер

«Төлем, еңбек өтеуі» мағынасында *ақы* сөзі

қозақы
қолақы
жсамбасақы
сұтақы
жсалақы
сыйақы
кіреақы
зейнетақы

отемақы
толемақы
пәтерақы
осімақы
еңбекақы
қаламақы
жсолақы
қарымақы сөздерінің құрамында қайталанады.

«Басы» сыңарлы біріккен сөздер

Бас сөзі – көпмағыналы сөз. Бір мағынасы – «бір іске ұйытқы болу, топтың алды, басшысы, жетекшісі болу», мысалы, *бір іске бас болу* дегенде сол істің ұйымдастырушысы, ұйтқысы болды деген сөз, яғни анатомиялық мағынасынан алыстап, ауыспалы мағынада жұмсалып тұр. Соңғы сыңар ауыспалы мағынада жұмсалған сайын бірге жазыла түседі. Олар:

қолбасы
мыңбасы
опбасы
дуанбасы
жүзбасы
рубасы
түменбасы
қошбасы
әскербасы
қойбасы (тақыр жер)
қосақбасы (мал ұрлау-шы айыбы)
батырбасы (әскербасылық атақ)
белбасы (құдайы тамақ)
бүлікбасы (бүлікті бастаушы адам)
елбасы
қалабасы
отбасы
топбасы

6-сурет. Стандарт құрастыруыштардың үлес салмағы



өткенімізді бекітейік! >>>>



Алдымен сөздерді жұптастыр

алма
жұпар
өкпе
алғыс
еңбек
мерей
жылан
қазан
көш
киік
арам

жегі
ауру
басы
ақы
оты
хат
той
шөп
балық
гүл
қап

Қарамен жазылған сөздердің бірге жазылатындарын көрсет.

Сары ауру адам организмін бүтіндей зақымдайды.

Елімізде *көз ауру* дертіне шалдыққан адамдардың саны миллионнан асады.

Қалаға қарағанда ауылдық жерде *бесік тойлар* жиі болады.

Сөзін аяқтай отырып, бұдан әрі де өмірлерің *ойын тойға* ұласа берсін деген тілек айтты.

Арам шөптер сыртқы ортаның қолайсыз жағдайларына төзімді келеді.

Көк шөп табиғаттың өзі өндіретін құнды да құнарлы мал азығы болып табылады.

Қызыл балық пен аршылған қиярды ұзынша етіп турадым.

Балықшылар сазан балық, табан балық, шортан және алабұға аулады.

Неге олай жазғаныңды үлгіге қарап, дәлелдеп көр.

Үлгі: *Қызылбалық* бірге жазылады, себебі *балық* сөзі сөз құрастыратын сыңар, анықталғыш сыңар емес, қандай *балық?* деген сұрақ қоя алмайсың. Екі сыңар да толық, тура мағынасында тұрған жоқ.

Ал *сазан балық* сөзі бөлек жазылады, себебі *қандай балық?* деген сұрақ қоя аласың, екі сыңар да толық, тура мағынасында тұр. Біреуі анықтайтын, екіншісі анықталатын сыңар болып тіркескен.

Руслан стандарт құрастыруыштар жазылған жолмен мектепке барды.

Көк, гүл, жер, су, от

Көз, өрт, ақы, шөп, қап

Ауру, саулық, нан, хат, от

Той, қол, бас, көк, гүл

Гүл, от, шөп, той, ақы



Руслан мектепке бара жатқанда күн райы қандай болғанын табыңыз.

- A) Қар жауып тұрды.
- B) Күн ашық болды.
- C) Күн бұлтты болды.
- D) Айлы түн еді.
- E) Жаңбыр жауып тұрды.

Бірге жазылатын сөздерге «✓» белгісін қойыңыз.

| | | | |
|------------|--------------------------|--------------|--------------------------|
| кесе қап | <input type="checkbox"/> | жабық хат | <input type="checkbox"/> |
| қалжың бас | <input type="checkbox"/> | шортан балық | <input type="checkbox"/> |
| аспан гүл | <input type="checkbox"/> | қарым ақы | <input type="checkbox"/> |
| қызыл от | <input type="checkbox"/> | адам басы | <input type="checkbox"/> |

Жоғарыдағы кестеге неше «✓» белгісін қойдыңыз?

- A) 6
- B) 3
- C) 4
- D) 5
- E) 7

Стандарт құрастыруыштар туралы алған білімді кестені толтыру арқылы пысықта.

| Қандай сөздер стандарт құрастыруышқа айнала алады екен, түйгенінді жаз | Тұжырымынды мысалдармен дәлелде | Мүшелтой, еңбекақы, әскербасы, жыланбалық сөздерін қатыстырып сөйлем құра |
|--|---|---|
| <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> | <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> | <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>.....</p> |

Жинақтаушы құрастыруыштар

Енді бір топ – бүтіннің бөлшегі ретінде сөз жасайтын тұлғалар – *бас, ағаш, құрт, тамыр, тікен, жапырақ, аяқ, тас, сөз* сөздері.

Олар өздерінің тура мағынасында емес, жанама мағынасында, жалпы мағынада жұмсалады да, біріккен сөздер жасайды.



Бас сыңарлы біріккен сөздер

Бас сөзі «шөптің, ағаштың, түрлі өсімдіктердің дәні, дәнегі» мағынасында (яғни бүтіннің бөлшегі мағынасында) 30 шақты өсімдік атауын жасайды: ⇨ ⇨ ⇨

Және құрал атауын (*безеубас, доғабас*) жасайды. Және *бас* сөзі кейбір тіркестерде «белгілі бір адам сипатын» білдіреді, мысалы, *желбас, маубас, жүдеубас, жындыбас, қаңғыбас, қубас, қақбас*. Бұларға қандай *бас* немесе басы қандай адам деген сұрақ қоюға болмайды. *Қалжыңбас, қылжақбас, желбас,*

*атбас
арнабас
ақбас
ақбузаубас
жыңғылбас
тауықбас
теңгебас
ұлбас*

маубас, жүдеубас, жындыбас, шүйкебас, қаңғыбас сөздерінде *бас* сөзі «адам», «жан»

және «ақыл», «ой», «ес» мағынасында қолданылуына байланысты сөздер біріккен. Ал «қауға бас, дода бас, қазан бас, қасқа бас, қалтақ бас, жалаң бас» дегендерде қандай бас? деген сұрақ қоюға болады дейді академик Р. Сыздық.

Қу басы, қара басы, қарақан басы, соқа басы сияқты сөздер бөлек жазылады. Мұнда тәуелдіктің үшінші жағы сөзді даралаған (салыстыр, **-лар**, **-ғыш**, **-ар** қосымшалары сөзді ұластыратын еді).

Тікен сыңарлы біріккен сөздер

15 шақты өсімдік атауы бүтіннің тағы бір бөлшегімен – **тікен** сөзімен бірігіп жасалған: ⇒ ⇒ ⇒

| | | |
|-------------------|----------------------|------------------------|
| <i>әнектікен</i> | <i>жабысқақтікен</i> | <i>теміртікен</i> |
| <i>әректікен</i> | <i>жалаңтікен</i> | <i>түйетікен</i> |
| <i>бозтікен</i> | <i>жалбызтікен</i> | <i>шағыртікен</i> |
| <i>бұрметікен</i> | <i>сортікен</i> | <i>шегіртікен т.б.</i> |

Тамыр сыңарлы біріккен сөздер

Бұлар мына тұрған өсімдік атауларын құрайды. ⇒ ⇒ ⇒

Ал *қылтамыр, көктамыр, күретамыр* сияқты анатомиялық атаулар да термин болған соң бірге жазылатынын биология пәнінен білетін боларсың!

| | | |
|--------------------|--------------------|--------------------|
| <i>алтайтамыр</i> | <i>кіндіктамыр</i> | <i>ауызтамыр</i> |
| <i>алтынтамыр</i> | <i>мыңтамыр</i> | <i>ауатамыр</i> |
| <i>бұраматамыр</i> | <i>сабынтамыр</i> | <i>атпатамыр</i> |
| <i>жертамыр</i> | <i>қаратамыр</i> | <i>балдақтамыр</i> |
| <i>жуантамыр</i> | <i>майтамыр</i> | <i>белтамыр</i> |
| <i>жылантамыр</i> | <i>маралтамыр</i> | <i>қызылтамыр</i> |
| <i>көгентамыр</i> | <i>ащытамыр</i> | <i>т.б.</i> |

Жапырақ сыңарлы біріккен сөздер

Жапырақ – өсімдіктің бөлігі, яғни бүтіннің бөлшегі. Бүтіннің орнына бөлшек жұмсалып қазақ тілі сөзжасамында бар. Мысалы, *егеуқұйрық, алтыатар* деген сияқты. Сол үлгімен мына өсімдік атаулары жасалады екен: ⇒ ⇒ ⇒

| | |
|--------------------|---------------------|
| <i>ақжапырақ</i> | <i>теңгежапырақ</i> |
| <i>бабажапырақ</i> | <i>түйежапырақ</i> |
| <i>балажапырақ</i> | <i>ужапырақ</i> |
| <i>балжапырақ</i> | <i>шайжапырақ</i> |
| <i>бақажапырақ</i> | <i>шүкіржапырақ</i> |
| <i>бесжапырақ</i> | <i>т.б.</i> |

Құрт сыңарлы біріккен сөздер

Құрт сөзінің “жәндік” мағынасынан өзге “ауру” деген де мағынасы бар. Осы екі мағынасында біршама біріккен сөз құрамында кездеседі: ⇒ ⇒ ⇒

| | |
|------------------|--------------------|
| <i>алақұрт</i> | <i>қазықұрт</i> |
| <i>бақайқұрт</i> | <i>қанқұрт</i> |
| <i>баспақұрт</i> | <i>қарақұрт</i> |
| <i>бауырқұрт</i> | <i>қауынқұрт</i> |
| <i>бүйенқұрт</i> | <i>қылқұрт</i> |
| <i>есекқұрт</i> | <i>миқұрт т.б.</i> |

Сонымен, біз не білдік?

Тілімізде біріккен сөздердің сыртқы белгілері болатынын білдік. Олар екі сыңарды ұластыратын қосымшалар (-ар, -ғыш, -лар, -лық, -ты, -ыс, -қы, -қ, -ма) және көмекші сөз ретінде бірге жазылатындар (хана, құмар, жанды, аралық, тану, жай, қап, шөп, басы, хат, ұл, от(ы), балық, той, жегі, бас, ара, тамыр, жапырақ, тікен, ағаш, құрт) екен. Осы сөздермен келетін нақты атаулар бірге жазылатынын білдік!

Өткенімізді бекітейік! >>>>



Пысықтау сұрақтарына жауап бер.

Бас сөзі қандай атауларды жасауға негіз болады?

Қу басы, қара басы, қарақан басы, соқа басы сияқты сөздер неліктен бөлек жазылады?

Құрт сөзінің қандай мағыналары бар?

Біріккен сөздердің сыртқы белгілері дегеніміз не?

Артығын тап

Сөздердің ішкі және сыртқы белгілеріне қатысты әр қатардан бір артық сөзді тап.

Үлгі: ауызтамыр, бұзаубас сөздері – жинақтаушы құрастыруыштардың көмегімен жасалған, ал құлаққап сөзі стандарт құрастыруыштардың көмегімен жасалған.

Ауызтамыр, бұзаубас, құлаққап
Қолжазба, жұлдызқұрт, түйежапырақ
Жалбызтікен, байлыққұмар, қызылтамыр
Мүйізжапырақ, ғибадатхана, жабысқақтікен
Жаратылыстану, сабынтамыр, тартаржапырақ

Ребусты шеш

Ребусты шеш, табылған сөздің қандай мағына беретінін айт.



»»»



»»»»



»»



» »»»»»



»»»»»»



»»»»



»»»» »»



»»»»»

Сөзалды сыңарлар

Префиксоид орыс тілінде толық мағыналы сөздердің алдынан қосылатын жартылай мағыналы сөз дегенді білдіреді. Ал қазақ тілінде сөз алдынан қайталанатын жартылай мағыналы сөз осы префиксоид қызметінде. Бұл туралы алғаш айтқан – профессор Р. Сыздық және Н. Уәли еді.

Ғалымдар қазақ тіліндегі сөзалды сыңарларға *ақ, сары, қызыл, қара* сын есімдерін және *қой, сиыр, түйе, қозы, бөрі, аю, қоян, қаз және тау, шөл, құм, дала, су, тас, у, әсіре, көп, бір, бас, ала* деген сөздерді жатқызған. Бұлар нақты өсімдік, аң-құс атауларын жасайды. Сондай-ақ төменде және сөз тізбеге берілген басқа да сөздер сөз алдынан тіркеліп, бірге жазылып келеді.

АҚ=

ақайран (ала-құла)
ақбайпақ (мал ауруы)
ақбалшық (тау қыртысы)
ақкөз (балық)
ақкөйлек (бидайдың қауызы)
ақмұрт (етіктің ұлтаны)
ақмылтық (мылтық)
ақнауат (өсімдік)
ақтаяқ (ханның шабарманы)
ақтерек (өсімдік)
ақтоған (су)
ақтоқал (бидайдың түрі)
ақтүн (жарық түн)
ақтырнақ (қабыршақ)
ақірімшік (тағам)

АЛА=

алабалта (ұрыс қаруы)
алабауыр (ауру)

алабөтен (өзгеше)
алабүйрек (ауру)
алажертесер (тышқан)
алакөз (қырғиқабақ)
алакөлеңке (кешкі мезгіл)
алакөңіл (дегбірсіз)
алакүшік (ойын)
алақанат (алашабыр)
алақұс (жетесіз)
аласәуле (күнгірт)
аласот (алауыз)
аласұру (тыпыршу)
алатұяқ (қу)
алашыбын (шыбын)

БАС=

басалқа (кенес; бас-басу; төрелік)
басараз (реніш)
басарқа (жылқы түлігінің шоқтық тұсы)

басасау (жылқы)
басбау (киіз үйдің негізгі бауы)
басбунақ (уақыт)
басбұзар (бұзақы)
басбілгі (ақылды басшы)
басжақсы (кәде)
баскесер (жауыз)
баскиім
басқосу (жиын-той)
басмия (өсімдік)
бассауға (бас амандығы)
бастиек
бастоған (су)
бастоғыз (кәде)
басыбайлы (еркіндігі жоқ)
басыбүтін (біржола)

ЖЕР=

жерағаш (ағаш соқа)
жералмұрт (өсімдік)
жерарба (арба)
жерасты (жердің астыңғы қабаты)
жербарақ (баспана)
жербасар (аяқкиімнің бөлігі)
жербедер (геогр.)
жербидай (өсімдік)
жербөгет (құрылғы)
жертамыр (шөп)
жертану (ғылым саласы)
жертесер (тышқан)
жертезек (отын)

жертартқыш (ток сіңіргіш)
жертөле (баспана)
жертөсек (төсек)
жерұйық
жерұшық (ауру)
жершашақ (өсімдік)

ЖОЛ=

жолағасы (жолбастаушы)
жолазық (ырым)
жолайрық
жолашар (ырым)
жолкөзер (жолдың жайын жақсы білуші)
жолкілем (ені қысқа төсеніш)
жолқағаз (жолдама)
жолқайық (қайық)
жолсапар (іс сапар)
жолсерік (теміржол қызметкері)
жолсілтеме (нұсқаулық)
жолсілтеуші (бағдар беруші)
жолтабан (құрылғы)
жолтазартқыш (техника)
жолтоспай (кедергі жасау)
жолтөсегіш (мәшине)

ИТ=

италақаз (құс)
итарба (қоларба; жеңіл қоларба)
итарқа (уақытша баспана)
итәуре (әлек болушылық)

итбалық (жануар)

итбас (хайуанат)

итбөрі (жабайы ит)

итжейде (нәресте көйлегі)

итшабақ (құрбақа)

итшана (су әкелетін шана)

итшегіргүл (өсімдік)

итшомырт (өсімдік)

КӨК=

көкайыл (ашушаң; мықты)

көкауыз (сөзуар)

көкаяз (шикі)

көкбақа (арық)

көктүбіт (бүркіт)

көктышқақ (ауру)

көкұлар (күс)

көкшағыр (өсімдік)

көкшай (шай)

көкшешек (өсімдік; ауру)

көкшолақ (өсімдік)

ҚАРА=

қараағаш (ағаш)

қараажырық (өсімдік)

қараала (ою-өрнек; өсімдік

атауы; тағам)

қараалқа (өсімдік)

қараалма (алма)

қарааяқ (ішік)

қарабай (күс; саран)

қарабайдай (саран)

қарабайлық (қайырымсыздық)

қарабалық (балық)

қарабарақ (өсімдік; ағаш)

қарабарқын (түс)

қарабас (өсімдік)

ҚЫЗЫЛ=

қызылбалық (балық)

қызылбас (елдің аты; өсімдік)

қызылбит (жәндік)

қызылбұрыш (өсімдік; ұнтақ)

қызылжалқындану

қызылиектену

қызылкеңірдік (дауласқыш)

қызылқаз (күс)

қызылқанат (балық)

қызылтаңдай (өсімдік)

қызылтаспа (өсімдік)

қызылтұмсық болу

ҚОЛ=

қолағаш (құрал, тоқпақ)

қолағаштай (үлкен, ебедейсіз)

қолбайлау (кедергі)

қолбақыр (ожау, тұтқалы ыдыс)

қолбала (көмекші; саят құсы)

қолхат (хат; құжат)

қолшалғы (құрал)

қолшана (шана)

қолшаршы (қолорамал)

қолшатыр
қолшоқпар (қару)
қолшығыр (құрал)
қолілгек (әшекей)

ҚОЛ=

қолағаш (құрал, тоқпақ)
қолағаштай (үлкен, ебедейсіз)
қолбайлау (кедергі)
қолбақыр (ожау, тұтқалы ыдыс)
қолбала (көмекші; саят құсы)
қолхат (хат; құжат)
қолшалғы (құрал)
қолшана (шана)
қолшаршы (қолорамал)
қолшатыр
қолшоқпар (қару)
қолшығыр (құрал)
қолілгек (әшекей)

ТҮЙЕ=

түйебас (ойын)
түйебеде (өсімдік)
түйебұршақ (өсімдік)
түйеқұлақ (тышқан)
түйеқұс (құс)
түйемойнақ (ыдыс)
түйемойынит (минерал)
түйемұрындық (түйе мұрын-
дығы; ырым)
түйеошаған (өсімдік)
түйесораң (өсімдік)

түйесүйек (өсімдік)
түйесіңір (өсімдік)
түйетабан (өсімдік; ою; балық)
түйетауық (құс)
түйешағала (құс)
түйешаруашылық
түйешырмауық (өсімдік)
түйешетен (өсімдік)

САРЫ=

сарыағаш (өсімдік)
сарыазбан (өрмекші)
сарыалақаз (құс)
сарыалқым (құс)
сарыандыз (өсімдік)
сарыарқа (қой)
сарымаса (маса)
сарымойнақ (мылтық)
сарымия (өсімдік)
сарықына (өсімдік)
сарытопырақ (шөгінді)
сарытұңғиық (өсімдік)
сарытікен (өсімдік)
сарыуайым (қайғы)
сарыуыз (тамақ)
сарыүйек (жылан)
сарышаян (өрмекші)

СҰР=

сұралақаз (құс)
сұржылан (жылан; мінез)
сұркөбелек (көбелек)
сұрқарлығаш (құс)

*сұртопырақ (топырақ)
сұршөп (жәндік)
сұртышқан (өсімдік)*

СУ=

*суағаш (іін ағаш)
суайдын (хауыз)
суайрық (шартты сызық)
суауру (ауру)
суауыз (ауру)
суаяқ (алаяқ)
субеде (өсімдік)
субұрқақ (фонтан)
субұт (ағаш)
субүрге (шаян)
субүркіт (күс)
судоңғалақ (қозғалтқыш)
суқойма (су көздері)
суқұзғын (балық)
суқұлама (сарқырама)*

КӨП=

*көпбалалы
көпдеңгейлі
көпжылдық
көпсалалы
көпбұрышты
көпканаттылар
көпмағыналы
көпжақты
көпсөзділік
көпүнділік
көпэтностық
көпұлттық т.б.*

БІР=

*бірсарынды (бірыңғай)
бірсатылы (көлтабан жүйесі)*

*біртапсырмалы (инф.)
бірсәрі (шылау)
бірсөзді (екі сөйлемейтін)
бірсұқнай (шәркей)
бірсыдырғы (біршама)
бірсыдыру (бірқыдыру)
біртабан (біртабан жақын)
біріншіреттік (жануарлар)
бірішек (тамақ ішпейтін)*

ӘСІРЕ=

Бұл сөзді күнделікті қолданасың ба? Құрбылардың бір-біріне: «Әсіре қызыл көйлегінді кимей-ақ қойшы.» деген достық назын естисің бе?

Бұл сөз сындық сөзге «қалыптан тыс, шектен тыс, мөлшерден тым көп» деген мағына үстейді. Және жағымсыздау реңкті білдіреді. **Әсіре** сөзі «сымақ» деген мағынада, «солай болып көрінуге тырысатын, бірақ шын мәнінде ондай емес» деген жағымсыздау мән-дегі жаңа сөздерді жасайтын болды:

*әсіреаянпаздық
әсіребейімділік
әсіребилік
әсіребилікшіл
әсіребилікшілдік
әсіредемократ
әсірежағымпаздық
әсіреинтернационалист
әсіресақтық
әсіресауатты (сауаттысымақ)
әсіресаясаттану
әсіресөзділік
әсіреұлтсыз (мәңгүрт)
әсіреұлтшыл
әсіреұлтшылдық т.б.*

7-сурет. Сөзалды сыңарлардың үлес салмағы



Өткенімізді бекітейік! >>>>

Сыңарын тап



Төменде берілген сөздерге қажетті сөзалды сыңарларын жалға. Бірнешеуімен сөйлем құрастыр.

Пейіл, жайма, айыл, сағыз, сирақ, оты, бүлдірген, жендет, тамыр, мия, тышқан, жүрек, балалы, сарынды, билік, көбелек, шетен, танау, саулық, саңырауқұлақ

ІШКІ БЕЛГІ

Тақырыпқа кірмей тұрып, алдымен төмендегі сөздердің қайсысы бірге, қайсысы бөлек жазылады деп ойлайсың, себебін түсіндіріп жазып көр.

1. Сары май –
2. Тоң май –
3. Бурыл сақал –
4. Ақ сақал –
5. Ақ саусақ –
6. Ұзын саусақ –
7. Қатты тайғақ –
8. Көк тайғақ –
9. Ақ көңіл –
10. Ақ көйлек –

Енді мынаны оқы:

Жоғарыда айтылғандардың барлығы – бірге таңбалаудың сыртқы белгілері. Сыртқы таңбасы бар затты тану да, табу да оңай. Тек белгіні (біздің жағдайымызда – сөзқұрастыруыштар мен сөзүластыруыштар) білсең, болды. Қиынның қиыны – көзбен көретін, қолмен ұстайтын, дәмін сезетін дегендей, нақты, деректі белгілері жоқ заттарды айыру.

Әңгіменің не туралы екенін ішің сезіп отырған да болар, ол сыртында көрініп тұрған «ештемесі жоқ», бірақ бірге жазылатын біріккен сөздер туралы болмақ. Неліктен, мысалы, *сарымай* сөзі бірге, ал *өсімдік майы*, *мақта май*, *іш май*, *тоң май* сөздері бөлек жазылады? Неліктен *ақсақал* бірге, *бурыл сақал* бөлек? Не себептен *кәрі жілік*, *тоқпан жілік* бірге жазыла алмайды? Ал «кеше ғана» пайда болған *елтаңба*, *әнұран*, *елбасы* сөздері бірігіп жазылады.

Мәселені қиындатпай, оңайынан бастайықшы.

Төменгі сыныптан бері *тасбақа*, *жолбарыс*, *ақбөкен*, *құрбақа* сөздерін еш қиналмастан бірге жазып жүрсін. Оның себебі неде десек, осы сөздер арқылы атаған затты елестете аламын дейсін. Мысалы, *жолбарыс* десек, жолбарыстың не екенін, *құрбақа* десек, құрбақаның қандай екенін дегендей. Атаудың жазылуын бұлай іздеу *экстралингвистикалық себеп* деп аталады, яғни лингвистикадан тыс, *тілден тысқары фактор* екені. Енді сен

әлемдегі бүкіл затты білуін, көруін мүмкін емес қой. Мысалы, *қарғатұяқ*, *кәріқыз*, *айырқұйрық*, *қосауыз* деген сияқты сөздерді естігенде, көз алдыңа не елестейді? Сұрайтын мұғалім жоқ, қарайтын сөздік жоқ жағдайда не істейсің? Әрине, сөз құрамына үңілесің. Сөйлем контексіне қарап, жалпы мағынасын біліп аласың. Мысалы, *Қосауызын асының аңға кетті. Қолымды айырқұйрық шағып алды. Қосауыздағы ауыз* – «кәдімгі ауыз» емес, *айырқұйрық* «қандай құйрық?» деген сұраққа жауап беріп тұрған жоқ. Ендеше атау сыңарлары өз мағынасында емес, сәл ауытқып тұрса, жеке сұраққа емес, ортақ бір сұраққа жауап берсе, ондай сөздерді бөлек жазуға ешқандай себеп жоқ. Мәселені бұлай талдау *лингвистикалық*, яғни *тілдік фактор* деп аталды.

Сонымен, сен тура мағынасынан сәл ауытқып тұрған сыңарлары бар сөздерді бірге таңбалау керек екенін түсіндің.

Ендеше келесі сатыға өтейік.

Бұл сатыда мынадай сұрақтар тұр:

Сен қандай жағдайда сөздердің бірге жазылатынына күманданбауың керек?

Сөздің қай сыңарына қарап бірге, бөлек екенін аңғаруға болады?

Бірінші сұраққа жауап. Егер контекстен күманданған сөздің қандай да бір өзің біл-

мейтін, көрмеген заттың аты немесе бұрын естімеген ұғымның атауы екенін білсең, әрі екі сыңардың да тура, өз мағынасында емес, мүлде басқа, саған таныс емес бір мағынаға көшіп тұрғанын аңғарсаң, мұндай сөздердің бірге жазылатынына күманданба!

Мысалы: *ақсақал* деген «үлкен кісі, дана карт» мағынасындағы сөз – «көпті көріп сақалы ағарып кеткен» деген, *ақсаусақ* (түк істемейтін, шаруаға қыры жоқ қыз) «саусақтары сүйріктей, шаруа жеп, тозбаған», қолтаңба – «автордың қолы, қолының таңбасы» дегеннен шығып жатыр. Кейбір сөздерді осылай «аршып» түсіну де қиындық әкеледі екен. Бірге жазыла ма, жоқ па деп талдауға тура келетін сөздерді кейде, расында да, мұғалімнен сұрап,

сөздіктен қарау керек. Өйткені қазақ орфографиясының алғашқы кездерінде сөздердің түбірі көрініп тұру керек деп, бөлек жазу үрдісі басым болды. Және бөлек таңбаланатын қатардың көбі тұрақты сөз тіркестері (фразеологизмдер, идиомдар) еді.

Ақ ниет, ақ көңіл, ақ саусақ, сары уайым, ер жүрек, су қараңғы сияқты идиомдар бір ұғымды атаса да, тұрақты тіркес саналғандықтан бөлек жазылды. Алайда олардың ойды көркемдеп беруіне қарағанда атау бола алуы басым. Сондықтан көпшілік қауым мұндай сөздерді бір ұғым деп, бірге таңбалай берді. Қазіргі емледе осындай тұрақты тіркестер бірге жазылады.

Қарай қой!

дүниеқоңыз
дүниеқоңыздық
бақталас
бақталастық
бақкүндес
бақкүндестік
алауыз
алауыздық
ақсақал
аққұйын (қатты құйын)
аққұлақ (аң)
аққұман (шәйнек)
алақоржын (тышқан)
ақиық (күс)
қарақанат (өсімдік)

Сонымен, түйгеніміз – екі сыңары да ауыспалы мағынада тұрып, нақты зат не ұғым атауы болса, бірге жазылуға бейім екен. Мағынасы таныс емес кейбір сөздерді жақша ішіне түсіндіруіміздің себебі – біріккен сөз мағынасы сыңар мағынасына мүлде сай еместігін көрету еді. Оған да назар аударғаның жөн.

Байқасаң, қазақ тіліндегі өсімдік, құс, жәндік атаулары көбінесе екі сөзден тұрады. Соған байланысты мына сатыны оңай меңгеріп алуға болады.

Өсімдік, құс, аң атауының соңғы сыңары бүтіннің бөлшегі болса, әрі атау өмірдегі басқа бір зат, құбылыспен ұқсастыра аталса, онда мұндай сөздерді бірге таңбаласаң, қателеспейсің.

Мысалы, қарашы:

қарақұйрық (аң)
қозықұйрық (өсімдік)
қоянқұйрық (өсімдік)

құланқұйрық (өсімдік)
қызылқұйрық құмтышқан
қызылқұйрық торғай

қылқұйрық (күс)
 бұлаңқұйрықтату (жорту)
 бізқұйрық (күс)
 аққұйрық (ақша)
 аққұлақ (аң)
 ақсаңырауқұлақ (саңырауқұлақ)
 атқұлақ (өсімдік)
 аюқұлақ (өсімдік)
 бөріаяқ (өсімдік)

Атам қазақ затты атағанда «қарғаның тұяғы сияқты», «атының құлағы сияқты», «биенің қарны тәрізді», «жыланның тілі іс-

петтес», «кәрі қыздай», «кемпірдің қосағы» секілді, «тауық көзіндей» деп, өмірдегі етене таныс құбылыстармен ассоциация жасаған.

Бұлар көбіне алдымен 3 сөзден тұрған, жиі қайталана келе соңғы, жалпы мағынадағы сыңары түсіп қалған.

МЫСАЛЫ:

қос ауыз мылтық – *қосауыз*
 егеу құйрық тышқан – *егеуқұйрық*
 екі қабат әйел – *екіқабат*
 бұзаутіс камшы – *бұзаутіс*
 шөгел табан бүркіт – *шөгелт*

Төмендегі сөздерді қатыстырып, сөйлем құра, бөлек не бірге жазуыңның себебін түсіндір

ақжүрек ақ жарқын
 ақниет ақ ниет
 ержүрек ер жүрек

көкпияз көк пияз
 қойкөз қой көз
 алмамойын алма мойын

ҚИЫН ЕМЕС

Сөйтіп, біз бірге, бөлек таңбалау қиындығының ең жоғарғы сатысына келіп жеттік. Сен ғана емес, студент, журналист, жазушы, ақынның өздері кәте жіберетін, қалай жазарын білмей әбігерге түсетін сөздер тобы – ОСЫ!

Басында «мәселені оңайынан бастайықшы» дегеніміз содан еді. Біз жазылуында «проблема болмайтын» қатардан қиындығы бар сөздерге қарай келе жатырмыз. Енді, міне, сол сатының «ұшар басына» шықтық. Егер бұл «биіктен» «кұлап кетпеу» әдісін меңгеріп алсаң, ары қарайғы «жазу әлемінде» алаңсыз самғайтын боласың.

Досым, алдымен, мына қағиданы санаңа құйып ал!

*Сөз өз мағынасынан сәл де болса ауытқымаса,
 бірге жазыла алмайды.*

*Соңғы сыңар не жалпы мағыналы сөз, не ауыспалы
 мағынадағы сөз болу керек.*

«Жалпы мағыналы» дегенді былай түсін:

Тілде жиі қолданылатын, көпшілік қауымға жаппай түсінікті ортақ «лексикон» болады. Мысалы: *күн, дала, шөп, тау, қыз, ұл, қар, от, гүл* т.с.с. Бұлар жиі қолданыла, қайталана келе мағынасы үлкейе, кеңейе береді. Сондықтан мұндай сөздердің көбінесе бірнеше мағынасы болады. Айталық, **бас сөзінің 22 мағынасы бар!** Сөздің алдымен анатомиялық терминдік мағынасы бар және жалпыхалыққа бірдей лексикалық мағынасы бар; содан кейін «адам», «малдың саны»; «өсімдіктің жоғарғы жағы», «таудың, қырдың жоғарғы жағы», «таяқ, сойылдың ұшы», «өзен, бұлақтың қайнар көзі», «аяқкіімнің ұшы», «заттың бір орамы, маңы, жаны», «әуелгі, алғашқы», «мезгілдің алғашқы кезі», «істің ұйтқысы, басшы»; «ақыл, ой»; «тағдыр, өмір», «мемлекеттің жоғарғы органы», «негізгі ұйтқы», «бірінші тұрған», «рәкәт, бір отырыс» деген сияқты ауыспалы, қосымша, көмекші мағыналары бар. Осылардың бәрін қосқанда 22 мағына шығады. Бұл мағыналар

«Қазақ әдеби тілінің сөздігінің» онбестомдығынан алынған.

Және мәтін ішінде бұдан басқа да мағыналық реңктер пайда болады. Ауызша сөйленгенде бұдан да бөтен қалтарыстар шығады. Сөйтіп, сөз мағынасы кеңейіп, жалпыланады, тіпті дерексіздене бастайды. Мұндай жағдайда олар көмекші сөз, қосымшалық қызметке дейін өтеді. Сол себепті олар толық мағыналы сөзге қосылып, бірігіп нақты мағына беретін, бір зат не деген ұғымды атайтын біріккен сөзге айналады.

Мысалы, *ас үй* деген тіркесті алайық. *Ас үй* сөзі 2000 жылғы Емле сөздігіне дейін бөлек жазылды, 2007, 2013 жылғы Емле сөздіктерінде бірге жазылады. Қалай дейсің бе? *Үй* сөзі тура мағынасында тұрғанымен, «орын», әйтеуір бір «баспана» деген жалпы мағынаға көшуі себепті. Және *үй* сөзі – тіркестің соңғы сыңары болып отыр.

Сонымен, мына сөздердің бірге жазылатынына «көзіңді» үйрет:

баспасөз

жарыссөз

келіссөз

қарасөз

шаршысөз

ақтас

бестас

дөңбектас

белағаш

жұпарағаш

қараағаш

қорағаш

мамаағаш

тісағаш

мойынағаш

иінағаш

азуағаш

ақырағаш

асырағаш

Бұл сөздердің жазылуында шатасулар болуы мүмкін және болып та жүр. Яғни жоғарыдағы қатардан көп айырмашылығы жоқ біраз сөздер бөлек те жазылатынын айтып отырмыз. Мысалы, *келіссөз, қарасөз, шаршысөз* сөздеріне ұқсайтын *алғы сөз, соңғы сөз* бөлек жазылады.

Сол сияқты *саптыаяқ, жүкааяқ, итаяқ, шоқаяқ, мамаяқ, үшаяқ, шотаяқ* сияқты құрал атаулары, *алаяқ, қоңылтаяқ* сияқты ұғым атаулары Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде бірге жазылады. Бұл *аяқ* сыңарының көп мағыналылығынан туындайды. Ал «ағаштан ойып жасалынып, тамақ ішуге арналған ыдыс» (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 1-т.) мағынасындағы *аяқ* сөзі сынын даралап, нақтылап көрсету қажеттілігінен *шара аяқ, шыны аяқ, ағаш аяқ* құрама атаулары *қарын аяқ, сары аяқ* тұрақты тіркестері бөлек жазылады. Адам, жан-жануардың жүретін дене мүшесі мағынасындағы *аяқ* сөзімен тіркескен *жалаң аяқ, тобан аяқ, сыңар аяқ* күрделі атауларының екі сыңары да тура мағынасында жұмсалатындықтан анықтықтанықтық қатынаста құрамдары ажыратыла көрсетілуі орынды. Осы қатардан орын алуға

тиісті *қоңылтаяқ* сөзінің алғашқы негізі *қоңылт* дербес тұрып, *үй қоңылтақсып тұр* деген контексте бірлі-жарым кездеспесе, дербес мағынасы жоғалып бара жатыр. Сондықтан *қоңылтаяқ* атауы біріккен. *Алаяқ (адам)* тіркесі тұтас идиомаланып, әрі дерексіз мән алуына байланысты бірге тұлғаланып жүр. *Жалаң аяқ* тіркесінің бөлек берілуін оның сыңарларының тура мағынада тұруынан, әрі *жалаң* сөзімен тіркесетін «бас», «бұт», «қабат», «төс» сыңарларының болуынан деп түсіндіруге болады. Алайда *жалаң* сөзі өзге сөздермен тіркес құрағыш. Бұл жерде жалаң болып тұрған *бас, бұт, төс, аяқ* екені мәнді болмай, әйтеуір оның жалаңданып, кеміп қалғаны мәнге ие болып отыр. Аталған сыңарларға қарағанда *аяқ* сыңарында мағыналық жылжу бар. Және *жалаң аяқтың* «кедейлену», «күні төмендеу» деген дерексіз мағыналары бар. Егер көптік жалғауын қоссақ, тіркес тұтас идиомаланады.

Бұл қатарға *алтаяқ* (өлең өлшемі және киіз үй), *бауыраяқ (кәде), батааяқ (кәде), қылаяғы (ен құрығанда), қоянаяқ (тары), қосаяқ (аң)* сөздері де қосылады.

Сөздің қай сыңарына қарап, бірге, бөлек жазылатынын аңғаруға болады?

Тағы бір қайталайық. Сөздің соңғы сыңары тура мағынасында тұрса, олардың қалай жазылатынын анықтау қиын. Ал сөздің соңғы сыңары сәл ауытқып келсе, ондай сөздерді бірге жаз. Мысалы: *жүкааяқ* сөзін алайық. *Жүкааяқ* – көрпе-төсек жерге тимеу үшін арнайы жасалған, аяғы бар үй мүлкі. *Жүк* сөзі – «көрпе-төсек» дегенді жалпылап атаса, *аяқ* – жиналғанның аяғы дегенді білдіреді.

Есепшот, түскиіз, құстөсек деген сөздердің де бірге жазылу себебі, әсіресе, соңғы сыңардың дәл *шотты, киізді, төсекті* атап тұрмағанына байланысты

Құрметті жас дос! Тілімізде басқа мағынаға көшкен тіркес сыңары қасындағы сыңарына қосылып қана қоймайды, өз «кескінін» де өзгертеді. Бұл процестің *кірігу* деп аталатынын, одан пайда болған сөз *кіріккен сөз* деп аталатынын білесің. Біршама сөздер тіліміздің ертерек дәуірінде, жазу-сызу тұрақтала қоймаған кезеңінде кірігіп кеткен. Енді бір қатар біріккен сөздер кейінгі уақытта кірігіп жатыр. Дегенмен, қаперіне ала жүретін бір жайт – біріккен сөздер кірігіп жазылған сайын олардың түбірлері көмескі тарта береді.

Мысалы

Бұл процесі химиялық элементтердің қосындысына теңеуге болады. Айталық, сутегі (H) екі валентті де, оттегі (O) бір валентті. Судың формуласы бұдан ортақ екі валенттігі бар H_2O болып шығады, өйткені $H_2 + O_1 = H_2O$

Кірігу – сыңар мағыналары араласуының ең жоғарғы сатысы.

Тілімізде ерте дәуірден кіріккен сөздерге мыналар жатады (ал кірігу процесі туралы 43-беттен оқып алыңыз):

| | |
|--------------------------------------|--------------------------|
| азғана | сарсолма (шөп) |
| алагеуім (кеуімдену сөзінен шыққан) | сарсу (тағам) |
| алагөбе (көбең тарту сөзінен шыққан) | сартабан (балық) |
| байғазы (бай қазы) | сартандақ (сартандағы) |
| сайгүлік (сай күлік) | сартап |
| саргідір (сары кідір) | сартұқыш (балық) |
| саркұлак (ақша) | түнеугүні (түу сол күні) |

Жас дос, сонымен, біз сөздердің бірге немесе бөлек жазылатынын тексеру үшін мынадай тәсіл қолдандық.

Күрделі сөз мына ұластыруыштардың біреуімен аяқтала ма?

- | | |
|-------|------|
| • лық | • қы |
| • ғыш | • ыс |
| • лар | • ма |
| • ық | • ды |

Күрделі сөздің соңғы сыңары мына құрастыруыштың бірі ме?

- | | |
|----------|-----------|
| • құмар | • ағаш |
| • тану | • жапырақ |
| • хана | • тамыр |
| • аралық | • ауру |
| • ақы | • тікен |
| • жай | • хат |
| • гүл | • той |

Сөздің бір сыңарын алып тастауға келмей ме?

Сөздің екі сыңары да ауыспалы мағынада тұр ма?

Сөз бейнелеу, образдау мақсатынан гөрі, атауыштық мақсатта жұмсалған ба?

Сөз өсімдік, аң-құс, құрал-жабдық атауы ма?

Соңғы сыңар мағынасынан ауытқып тұр ма?

Егер ИӘ деп жауап берсең, бірге жаз!

Осы өткенімізді бекітейік! >>>>



«Не түсіндім? Нені үйрендім?» тақырыбында тірек-конспект жаз.

Татубектер үйінде сөздер тату-тәтті, бірге өмір сүреді. Ал Аразбектер үйіндегі сөздер бірге тұрғысы келмейді. Қай сөз қай үйдікі?

Ақ саусақ, ақ шаш, көк бақа, үлкен бақа, дүние қоңыз, дүние шыбын, көк айыл, көк күрек, қызыл ала, ала қоржын.



Төменде берілген біріккен сөздердің мағынасын білесің бе? Суретпен сәйкестендіріп көр.



Бөрікұлақ



Бескұлақ



Қоянқұлақ



Ақбөкен



Ақиық

- Қосауыз – _____
- Айыркүйырық – _____
- Екіқабат – _____
- Бұзаутіс – _____
- Қырықаяқ – _____

Мына біріккен сөздердің пайда болу тәсілін жазып көр.

Қажетті әдебиеттер:

Орфографиялық сөздік. Алматы: «Дәуір», 2013.
Қазақ тілі орфографиялық сөздігі. Алматы: «Арыс», 2007.
Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. Астана, 2000.
Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 15 томдық. Алматы, 2006-2011.
Уәлиев Н., Алдашева А. Қазақ орфографиясындағы қиындықтар. Алматы: «Ғылым», 1987.
Күдеринова Қ. Бірге және бөлек жазылатын сөздердің орфографиясы. Алматы, 2005.
Күдеринова Қ. Қазақ жазуының теориялық негіздері. Алматы: «Мемлекеттік тілді дамыту орталығы», 2010.
Күдеринова Қ. Қазақ жазуының тарихы мен теориясы. Алматы: «Елтаным», 2013.

Оқу құралында мынадай жаңа терминдер бар:

бірге таңбалану – бірге жазылу, біріккен сөз.

босаралықсыз жазылу – екі сөз арасы бөлінбей, бірге жазылу.

босаралықпен жазылу – екі сөз арасына бос орын тасталып жазылу, бөлек жазылу.

күрделі сөз – бір зат не ұғымның атауы болып табылатын, біріккен, кіріккен, қысқарған, тіркескен және қосарланған сыңарлардан тұратын сөздер.

кірігу – бірігіп жазылған екі сыңар жігіндегі дыбыстардың өзара үйлесіп, үндесіп, жымдасып жазылуы.

кіріккен сөз – кірігу процесінің нәтижесі, екі сыңар жігіндегі дыбыстардың өзара үйлескен, үндескен формасы.

біріккен сөз – бірігіп жазылған сөз.

емле сөздігі – сөздердің дұрыс жазылған нормасы көрсетілетін сөздік, орфографиялық сөздік.

төте жазу – 1912-1924 жж. аралығында қазақ жазуында қолданған, араб әліпбиіне реформа жасаған Ахмет Байтұрсынұлының әліпбиі, қазақтың ұлттық төл әліпбиі.

дәйекше – Ахмет Байтұрсынұлы әліпбиінде сөздің жіңішке айтылатынын білдіретін сөзалды белгісі (апостроф).

біріккен сөз сыңары – бірге жазылатын екі сөздің бірі.

кіші тыныс – А. Байтұрсынұлының үтірді атауы.

ұлы тыныс – А. Байтұрсынұлының нүктені атауы.

компонент – біріккен сөз сыңары.

жалғамалы тіл – сөз мағынасы түбірге қосымшалар жалғану арқылы өзгертін, жасалатын, түрленетін тілдер, агглютинативті тіл

сөзұластыруыштар – бір зат не ұғымның атауын білдіретін күрделі сөз сыңарларының бірге жазылуына негіз болатын қосымшалар.

сөзқұрастыруыштар – бірнеше біріккен сөздің соңғы сыңары болып табылатын, көбіне жалпы мағыналы сөз.

преффиксидтар – жартылай сөз, жартылай жұрнақ мағынасында жүрген, сөз алдынан қайталанатын, бірге жазылатын сөз; сөзалды сыңарлар.

аффиксидтар – жартылай сөз, жартылай жұрнақ мағынасында жүрген, сөз соңынан қайталанатын, бірге жазылатын сөз.

сөзалды сыңарлар – преффиксидтар.

жергілікті тіл – белгілі бір аймақ адамдары ғана қолданатын, диалект сөздерімен ерекшеленетін тіл

сөйлеу тілі – күнделікті тұрмыста, үй-ішінде, таныс ортада сөйлесетін тіл

әдеби тіл – жалпы жұртшылыққа түсінікті, жазба, ауызша, лексикалық, грамматикалық нормасы ортақ, көбіне радио-теледидар, баспасөзде, ғылыми, ресми ортада қолданылатын тіл.

Бөлек жазылатын сөздер қандай болады?

Бірге жазылатын сөздердің белгісімен таныс болдың. Ендеше бөлек жазылатын сөздердің де белгісімен таныстың деген сөз. Сөйтсе де тағы бір-екі белгісімен таныстыруды жөн көрдік. Көп уақытынды алмауға уәде береміз.

Тілде бөлек жазылатын, бірақ біріккен сөздерден еш айырмасы жоқ сөздер бар. Мысалы, *ат қора, шай қасық* деген сияқты. Бірге жазу қаупі күшті. Өйткені бұлардың номинативтік тұтастығы берік, екі сыңар арасына сөз енгізуге келмейді. Шай *қасық* сөзін *күміс қасық* тіркесімен салыстырсаң, біріншісінің тұтасты-

ғының берік екенін көресің. Бірақ бөлек жазылады. Неліктен? Себебі екі сыңар да өз мағынасында тұр.

Оны тексеру үшін атауды сөйлемге «жаймалаймыз», яғни сөйлемге айналдырамыз. Сонда екі сыңар немесе соңғы сыңар жайылған сөйлем құрамында қайталанса, екі компоненттің тура мағынасында тұрғанын екендігінен хабардар етеді. Мысалы, *тоң май* – «ерітіп, қатырылған іш май»; *іш май* – «малдың ішек-қарнынан сылынып алынатын май». Төмендегі бөлек жазылатын сөздердің барлығы осы себептен бөлек жазылады.

Ас-су, тағам атаулары:

тоң май,
іш май
құйрық май
ақ май
шарбы май
сұйық май
бүйрек май
қара шай
қызыл шай
көк шай
жайдақ шай
бойдақ шай
құнан қымыз
бесті қымыз
дөнен қымыз
кұда қымыз
қой ет(i)
жылқы ет(i)
сыыр ет(i)
шошқа ет (i)
түйе ет(i)
т.б.

Дене мүшелері атаулары:

бас сүйек
өкше сүйек
төс сүйек
жамбас сүйек
шеміршек сүйек
жақ сүйек
бет сүйек
тоқпан жілік
асық жілік
қары жілік
құм жілік
ортан жілік
сан ет
бұлишық ет
қол ет
мойын ет
өлі ет
қара ет
құс ет
қызыл ет
ортан қол
сұқ саусақ

бас бармақ
 ортан терек
 шылдыр шүмек
 балан үйрек
 кішкене бөбек
 ұры тіс
 сүт тіс
 азу тіс
 күрек тіс
 ит тіс
 қой тіс
 қабан тіс
 қасқа тіс
 сары тіс
 ақыл тіс
 ауыз омыртқа
 азат омыртқа
 қалбағай омыртқа
 ит жауырын
 қозы жауырын
 тобан аяқ
 маймақ аяқ
 шу аяқ
 малма аяқ
 жалаң аяқ
 жалаң бас
 қауға бас
 дода бас
 қазан бас
 қасқа бас
 қалтақ бас
 тоқ ішек
 ащы ішек
 көтен ішек
 жылан көз
 қыли көз
 қара көз
 қой көз
 көк көз

Күнделікті тұтыну заттары:

жез құман
 шойын құман
 сырт киім
 тыс киім

тіз киім
 жаздық киім
 қыстық киім
 өң киім
 күрек сап
 ұршық сап
 қамшы сап
 ибей ағаш
 күрсі ағаш
 сырт қалта
 іш қалта
 жан қалта
 төс қалта
 қағаз қалта
 сағат қалта
 қойын қалта
 кісе қалта
 бас жіп
 кендір жіп
 ұрғашы жіп
 мойын жіп
 өрмек жіп
 күзеу жіп
 тоқыма жіп
 еркек жіп
 өре жіп
 мәшине жіп
 ноқта жіп
 ат арба
 жайдақ арба
 өгіз арба
 тас көпір
 ағаш көпір
 темір көпір
 мойын орамал
 дәс орамал
 мақта мата
 жүн мата
 жібек мата
 тоқыма мата
 шыт мата
 жаяу шам
 жайдақ шам
 ондық шиам
 пілте шам

бестік шам
шап айыл
құр айыл
кер айыл
ызба айыл
ит шана
жайдақ шана
ат шана
өгіз шана
жайма шана
өлі жүн
күзем жүн
жабағы жүн
түйе жүн
пұшпақ жүн
қой жүн
қылышық жүн
мойын жүн
бауыр жүн
тас ошақ
мор ошақ
саптама етік
бастама етік
ұлтарма етік
былғары етік,
жайтабан етік
жайдақ етік
үйрекбас ер
құранды ер
құрама ер
жапсырма ер
құнан ер
қырғыз ер

қазақы ер
қайың ер
қаптал ер
түс қағаз
жапсырма қағаз
көшірме қағаз
ватман қағаз
қатырғы қағаз

Мекен атаулары:

қараша үй
үлкен үй (этно.)
қоржын үй
дабыл үй
жоломай үй
ағаш үй
тұрғын үй
киіз үй
қара үй
жер үй
қазақ үй
там үй
отау үй
тас жол
мәшине жол
жалғыз аяқ жол
жайма базар
ат базар
жасаяу базар
ат қора
қой қора
сиыр қора
тауық қора

Байқағанымыздай, бұл қатардың алғашқы сыңарлары, А.Байтұрсынұлы терминімен айтқанда, тек сын, яғни түрлерін айыратын сапалық не қатыстық сын есімдер немесе бұл заттардың неге арналғанын білдіретін сөздер де, соңғы сыңарлары ортақ болып келетін тіркестер. Ортақ компоненттің бір емес бірнеше тіркесімділікте қайталануы және сол тіркесімділіктің қолдану жиілігі қабыса байланысқан сөз тіркестерін күрделі номинативтік бірлік дәрежесіне жеткізеді. Сондықтан бұл жағдайда бөлек жазылу атаулардың түрлерін айырып көрсету мақсатынан шығады. Сөздердің бірігуі, тіркесуі және қосарлануы

арқылы жасалған лексикалық бүтіндер тілдің құрамына эволюциялық жолмен біртіндеп қана енеді. Мысалы, бұлардың ішінен *белбеу, қарақағаз, сарымай, қаламсап, баскиім, ішкиім, аяққиім, қонақуы* атаулары біріккен сөзге айналып отыр. Мұндағы *шашбау, белбеу* атаулары баудың бір түрі мағынасынан гөрі, әдеміліктің, сәннің бір элементіне айналып бара жатқандай, яғни «өрілген шаштың үшін бекітетін алтын, күміс тиындар қадалған лента тәріздес ызған мата». Бұл атау енді *шашбаула* болып, туынды етістік жасауға қатысады. Ол – шаштың үшін ғана бекітіп қоймай, әдемілік үшін шашбау салып, шаштың түбінен

бастап өруді білдіреді. Атау тура мағынасымен қатар *шашбауын көтеру* сияқты тұрақты тіркес және қошеметтеу, көтермелеу мағынасын беретін *шашбаулау* ауыспалы мағынасында жұмсалады. Мысалы: «Әй, пәленбайдың баласы, кәне, айтып жіберші, деп, *шашбаулағанда* ағылта жөнелетін болдық» (Ғ. Қабышев. Күлелең.). *Белбеу* кіріккен сөз қатарына өтуімен бірге, бүгінде сөзжасам процестерінде актив қолданылады, «болбыр» мағынасында *бос белбеу* тұрақты тіркесін жасайды. Ал *қаламсап* біріккен тұлғасында доминант мағына алғашқы сыңар үлесінде. Соңғы сыңардың эллипсиске ұшырау «қаупі» бар. Ішінде сиясы жоқ ағаш, не пластмасса сап гиперонимі бүтіннің (ішінде сиясы бар, сыртында ұстайтын сабы бар кеңсе құралы) мәніне айнала, соңында сол бүтіннің атауына көшкен. «Қаламсабыңды берші» дегенде, біз сиясы жоқ кұр сапты сұрамаймыз, бүтін затты сұраймыз.

Күрделі сөздерде алғашқы компонент басым сипат алады, яғни лексикалық мағынаны бірінші сыңар көтеруге бейім. Мысалы: *ас қасық, ас бөлме, ат қора, жан қалта, бал қасық, қызыл ала, он бір, алып кел*. Ал егер соңғы компонент бірнеше тіркес құрамында ұзақ, ұдайы қайталана берсе, мағынасы жалпыланып, абстрактіленіп, тіпті кейде морфемдік деңгейге өтуі ықтимал. Мұндағы абстрактілену дегеніміз – заттар

мен құбылыстарды оның нақты белгілері мен байланысынан ойша қол үзіп, елестететін тану формасы. Мысалы, *сандық, қап, аяқ қап, кесе қап, уық қап, тізе қап, желін қап, қазан қап* – бір кездері бөлек жазылатын еді, бүгінде бірге жазылады.

Бөлек жазылатын сөздердің алғашқы сыңар мағынасы басым болады. Ал тірек компонент бірнеше тіркес құрамында қайталанып, мағынасы дерексіздене берсе, біріккен сөзге айналады. Мысалы, *тоң май, сұйық май, іш май, шарбы май, бүйрек май* сияқты қатардан *сарымай* сөзі бірге жазылады. Бұл – бірнеше тіркесімділікте қайталанатын ортақ сыңардың дербес мағынасынан айырылуына бастайды.

Алғашқы сыңардың мағына үстемділігіне ие болатынын ритмикалық екпіннің түсуіне байланысты да аңғаруға болады. Проф. Ә. Жүнісбектің көрсетуінше, *мал қора* тіркесінде алғашқы сыңардағы [а] дауыстысына түскен екпін, екінші сыңардағы [а] дауыстысына түскен екпінге қарағанда 40% көп екен.

Сонымен, тағы бір қайталай кетсек, бөлек жазылатын сөздердің екі сыңары да өз мағынасында тұрып, тіркесті түсіндіретін сөйлем құрамында қайталана алады екен.

Енді бөлек жазылатын тағы бір жағдай мынадай. Көп тіркестің құрамында қайталана беретін соңғы сыңар түсіріліп қолданылуы мүмкін.

Мысалы:

*пәтір нан – пәтір
жаппа нан – жаппа
тандыр нан – тандыр
төңкерме нан – төңкерме
күлше нан – күлше
көмеш нан – көмеш
шелпек нан – шелпек
бөлке нан – бөлке
қатырма нан – қатырма
шақыру қағаз – шақыру
даңғыл жол – даңғыл
тастақ жол – тастақ
соқпақ жол – соқпақ
шабақ балық – шабақ
қайыс бау – қайыс
құм сылақ – сылақ
тас қайрақ – қайрақ*

*қара балшық – балшық
қайыр құм – қайыр
өре ағаш – өре
жақтау ағаш – жақтау
жәке ағаш – жәке
қада ағаш – қада
сандал ағаш – сандал
өткел ағаш – өткел
бастырық ағаш – бастырық
дар ағаш – дар
саба ағаш – саба
білік ағаш – білік
қада ағаш – қада
маржан тас – маржан
лағыл тас – лағыл
меруерт тас – меруерт
гауһар тас – гауһар*

Яғни соңғы сыңарсыз қолдану – бөлек жазу дегенді білдіреді.

Мысалы, *аяқ киім, бас киім, іш киім* сөздерінің сөздіктерде әртүрлі таңбалануын осы үрдіс негізінде түсіндіруге болады. *Аяқ киім, бас киім, іш киім* сөздері осы мағынасында *аяғы жаман төрді былғар, аяғыңды су қылма, бастарыңды шешіңдер, ішің жұқа емес пе, ішіңде не бар* деп, тірек компонентсіз де қолданыла береді. Сөйтіп, ортақ сыңардың эллипсистенуі құрама атаулардың бөлек таңбаланыш жүргеніне себеп болған.

Оқулықта бұл қатар *күрделі сөз* деп аталады. **Күрделі сөз** – кемінде екі негізден тұратын, әр компонент өзінің дербес лексикалық, лексика-грамматикалық мағыналарынан айырылмаған, алайда компоненттері бір ғана зат пен құбылыстың атау бірлігі болатын, сөйлемнің бір ғана мүшесі болатын, жазуда бөлек тұлғаланатын құрама сөздер.

Бұл анықтамадан екі нәрсе айқын. 1. Әр компонент өзінің дербес лексикалық, лексика-

грамматикалық мағынасынан айырылмауы дегенде күрделі сөздің біріккен сөзден арасы ажыратылады; 2. Күрделі сөздің өз сипаты дараланады: екі сыңар ортақ мағына беріп, номинативтік бірлік ретінде жұмсалады. Мысалы, *қалың мал, пәтір нан, саз бет, көк ала, қызыл қоңыр, он бір, он тоғыз, барып кел, ат қора* т.б.

Күрделі сөздер барлық басқа туынды сөздер сияқты сөзжасам әрекетінің нәтижесіне жатады. Күрделі сөз мағынасы оның сыңарларының мағынасынан шығады. Сондықтан бөлек жазылады.

Қорыта айтқанда, күрделі сөздер – біріккен сөздер сатысының алдында тұрады. Орфографиясы дау туғызып жүрген бөлек жазылатын біріккен сөздер болып табылады.

Емле сөздігі

-ЛАР, -ЛЕР, -ДАР, -ТАР, -ТЕР

Жасалу жолы: желбезек тынысты
балықтар → желбезектынысты
балықтар → желбезектыныстылар

Атаулар: зоологиялық,
ботаникалық, биологиялық

ағашкеміргіштер
азқылтықтылар
алмұртшөптер
атқұйрықтылар
ашатұяқтылар
аяққұйрықтылар
балыққоректілер
басаяқтылар
баскөкіректілер
бассүйексіздер
бауыраяқтылар
буынаяқтылар
бұрыштістілер
бүйіржүйкелілер
біртанаулылар
біртесіктілер
бірұялылар
бігеумүйізділер
дарагүлділер
даражарнақтылар
даражемістер
дауылпазтекестер
допшагүлдер
дөңгелекауыздылар
ерінгүлділер
есекаяқтылар
ескекаяқтылар
еттұмсықтылар
жақауыздылар
жарғаққанаттылар

желбезектыныстылар
желекқанаттылар
жұпжапырақтылар
жылықандылар
нықаяқтылар
көпаяқтылар
көпқанаттылар
көпүйлілер
крестгүлділер
күрделігүлділер
қаттықанаттылар
қолқанаттылар
қорғасыншөптер
қосжақтаулылар
қосжармақтылар
қосжелбезектілер
қосжұпаяқтылар
қосжыныстылар
қосқанаттылар
қосқұйрықтылар
қосмекенділер
қосөкпелілер
қостүздар
қоянтәрізділер
қуысмүйізділер
қызылізшілер
мұртаяқтылар
тамыратпалылар
тамыраяқтылар
тамыржемістілер
тамыртүйнектілер
тұзуқанаттылар
тұзутұмсықтылар
шатыргүлділер
шатыршагүлділер

-ЛЫҚ, -ЛІК, -ДЫҚ, -ДІК, -ТЫҚ, -ТІК

Жасалу жолы: ара арағайын
болу → ара ағайын болушылық
→ араағайындық

Атаулар: дерексіз, қоғамдық-
саяси

араағайындық

ауызбірлік

ауылшаруашылық

басасаулық

батысгерманиялық

бесжылдық

билікқұмарлық

бүкіләлемдік

бүкілқазақстандық

бүкілодақтық

бүкілресейлік

бүкілхалықтық

бізбелдік

бізбілдік

біріншіреттік

газқанығулық

дәмтатымдық

дәмтүздық

дүниежандылық

дүниежүзілік

екітілділік

жалпақшешейлік

жалпыеуропалық

жалпыхалықтық

жанкүйерлік

жанқиярлық

жантүршігерлік

жаншошырлық

жартыжылдық

жатбауырлық

жатжұрттық

жетіжылдық

жүзжылдық

жүрекжүтқандық

кеңпейілдік

көзбайлаушылық

көзбояушылық

көңілжықпастық

көпсөзділік

көптілділік

көреалмаушылық

көрсөқырылық

кісіқызығарлық

кішіпейілділік

қақбастық

қалжақбастық

қалжыңбастық

қамытбаулық

қансіміргіштік

қанішерлік

қаңғыбастық

қарабайлық

қарадүрсіндік

қарадүрсінділік

қаттықолдылық

қолбасшылық

қолғанаттық

қолғаптық

қолөнерлік

қолтаңбалық

қонақжайлық

қоңторғайлық

қосазаматтық

қосақиқаттылық

қосбағыттық

қосбасымдылық

қосмәнділік

қосөкіметтілік

қоспалаталылық

қоспартиялық
көстілділік
кұдайжасампаздық
кұдайіздемпаздық
кұқықбұзушылық
кұлақкестілік
кұлдықұрушылық
кұлиеленушілік
кұлқынқұмарлық
күскездік
қызсаумалдық
қызуқандылық
қылжақбастық

қысылтаяндық
малшаруашылық
мектепшілік
онжылдық
онкүндік
оңтүстіккорейлық
ортағасырлық
тұқымқуалаушылық
тұраралық
түрішілік
халықшаруашылық
шалаөткізгіштік
шаласауаттылық

-ЛЫ, -ЛІ, -ДЫ, -ДІ, -ТЫ, -ТІ

Жасалу жолы: құстармен қоректенетін балықтар → құс қоректі балық → құсқоректі

Атаулар: ботаникалық, зоологиялық және сын-сипаттық

басыбайлы
бесқасты (жүзік)
бесмүйізді (өсімдік)
бессалалы (өсімдік)
бұтақмұртты (жәндік)

гүлжапырақты (өсімдік)
дәмжемісті (өсімдік)
қамкөңілді
қаражемсаулы (торғайдың түрі)
қаражүзді (ел сенімінен айрылған)
қолжетімді (көпшілікке лайықты)
құсқоректі (құстармен қоректенетін)
қызуқанды (қызба, намысқой)
қызылшырайлы (кісі ажарына катысты)
қылыштісті (жолбарыс)

-АР, -ЕР, -Р

Жасалу жолы: ауызды ашар мезгіл → ауыз ашар мезгіл → ауызашар

Атаулар: салт-дәстүр, кәде; сын-сипаттық

алажертесер (тышқан)
алаңғасар (аңғал)
алтыбасар (ойын)
алыпсатар (саудагер)
атшабар (хабаршы)

атбайлар (кәде)
атқамінер (бастық)
атсоғар (қамшы)
атұстар (ержеткен ұл)
ауызашар (діни)
басбұзар (бұзық)
баскесер
бақанаттар (кәде)
батаоқыр (кәде)

беласар (өтетін жер)
белсоғар (қыранға катысты)
бесатар (мылтық)
беташар (дәстүр)
беткеұстар
беткешығар
биебайлар (ұғым)
бесіккесалар (дәстүр)
босағааттар (дәстүр)
бөрібасар (ит)
бірасар (қару)
бірбайлар (орамал)
бірсалар (текемет)
біртартар (орамал)
біртүйер (ой)
біртуар (азамат)
біркиер (киім)
бұрышөлшер (құрал)
далабезер
дәмқосар (қоспа)
доланкесер (аланғасар)
дойыржығар (кәде)
езутартар (күлімсіреу)
елкесер (құрал)
есікашар (кәде)
естияр (ер жеткен)
ешкіемер (термин)
жайбасар (сылбыр)
жанашыр
жанкүйер (қолдаушы)
жанқияр (батыл)
жатыпатар (қалжыңбас)
жолбасар (ұры)
желайдар (өсімдік)
желімайлар (ұғым)
жембасар (қыранның тырнағы)
жерсоғар (ат тұяғының өкшелігі)
жертесер (тышқан)

жолашар (ырым)
итырылдатар (кәде)
кекілбасар (кекілдік)
кертартар (көне қару)
көлжұтар (кейіпкер)
көрпекимылдатар (кәде)
көрсебасар (көрсеқызар)
күлшашар (тентек)
күнбағар (өсімдік)
күнқағар (баскиім)
күншығар (ою-өрнек)
кіндіккесер (кәде)
қазанбұзар (тентек)
қаныпезер (жауыз)
қанішер (жауыз)
қасықұстатар (кәде)
қаптесер (тышқан)
қойбастар (қолөнер)
қолкесер (ұғым)
қолтықсүйер (кәде)
қолұстатар (кәде)
қонысмайлар (кәде)
қосбасар (қосбасары)
қоржынсөгер (ұғым)
құдатартар (кәде)
құдатүсер (кәде)
құмқазар (құрт)
құсконар (егіннің бас жағы)
қызқашар (кәде)
қызқұшақтар (ұғым)
мойынтастар (ұғым)
нақсүйер (сүйікті)
нансоғар (жалқау)
некеқияр (ырым)
оққағар (темір сауыт)
орынбасар
отқасалар (кәде)
сауытбұзар

суағар
сутартар (күс)
сіргежияр (кәде)
сіргемөлдіретер (кәде)
таусоғар (кейіпкер)
тоқетер (істің түйіні)
тойбастар (кәде)
тоқымқағар (ырым)
тұсаукесер (дәстүр)
тілазар (тіл алмайтын)
тілашар (дәстүр)
тілқияр (өсімдік)

тіскебасар (жеңіл тағам)
ұйқыашар (кәде)
ұлтабар (мүше)
ұябасар (ұрғашы бүркіт)
үкітағар (дәстүр)
шаңбасар (салық)
шашсипатар (кәде)
шөпжияр (өсімдік)
шыбынқағар (ұғым)
шынқетер (өсімдік)
ізашар (істі қолға алушы)
ізбасар (жалғастырушы)

-ҒЫШ, -ГІШ, -ҚЫШ, -КІШ

Жасалу жолы: ет тартатын мәшине →
ет тартқыш → еттартқыш

Атаулар: тұрмыстық заттар; техника

алжапқыш
аражегіш (жәндік)
астықжақсартқыш (егіншар.)
астықкептіргіш (кұрал)
астықтескіш (кұрал)
астықтиегіш (кұрал)
атжапқыш (әбзел)
атжүргіш (қамшы)
ауасуытқыш (кұрал)
ауруқоздырғыш(микроб)
әубүріккіш (аспап)
әуетозандатқыш (аспап)
бағанжарғыш (техника)
бейнеіздегіш (кұрал)
белкөтергіш (арба тартпасы)
бензинкүйғыш (кұрал)
бензотасығыш (кұрал)
бетжапқыш (жабынды)
бомбаіздеуіш (кұрал)
бояутозандатқыш (техника)

бояуүккіш (кұрал)
бөрнетасығыш (техника)
буқозғалтқыш (техника)
бусалқындатқыш (техника)
бұрандакескіш (кұрал)
бұрышөлшеуіш (кұрал)
бұтақкескіш (кұрал)
білтетартқыш (кұрал)
вафлипісіргіш (кұрал)
газанықтағыш (кұрал)
газесептеуіш (кұрал)
газжұтқыш (кұрал)
газқыздырғыш (кұрал)
газөлшегіш (кұрал)
газтазалағыш (кұрал)
газталдауыш (кұрал)
гүлсалғыш (ыдыс)
дәнжарғыш (кұрал)
дәнкептіргіш (кұрал)
дәнсепкіш (кұрал)
дәнтазалағыш (кұрал)
дәнұстатқыш (кұрал)
дидаріздегіш (кұрал)
дыбысалғыш (кұрал)

еттартқыш (кұрал)
жайтартқыш (аспап)
жүксалғыш (орын)
жүктиегіш (кұрал)
картопеккіш (мәшине)
картопсорттағыш (кұрал)
картопүккіш (кұрал)
кеспекескіш (кұрал)
күлсалғыш (ыдыс)
күлтартқыш (кұрал)
күшөлшеуіш (кұрал)
кіржуғыш (мәшине)
кіркыстырғыш
қағазтескіш (кұрал)
қамыриләуіш (кұрал)
қансорғыш (жәндік)
қаржыртқыш (мәшине)
қарөлшеуіш (кұрал)
қартазартқыш (кұрал)
қашықтықөлшеуіш (кұрал)
қозыжегіш (күс)
қолжуғыш
кұбыртөсегіш (техника)
кұлақкигіш (кұлаққап)

күмбүркеуіш (кұрал)
күмсорғыш (техника)
күмшайғыш (техника)
күмшашқыш (техника)
қызылшақопарғыш (кұрал)
кылжуғыш (бұйым)
өнертапқыш
пішенжинағыш (техника)
сабынсалғыш
сиясорғыш
сүсептегіш (кұрал)
сүөлшегіш (кұрал)
сүсепкіш (кұрал)
сутартқыш (кұрал)
сыдыражыртқыш (кұрал)
тасжарғыш (кұрал)
тасұсатқыш (техника)
тасүккіш (кұрал)
төсекжапқы
тісжуғыш
шаңсүрткіш
шаңтұтқыш (техника)
шыбынқуғыш (кұрал)
шыбынөлтіргіш

-ТЫ, -ТІ, -ДЫ, -ДІ

Жасалу жолы: ат соқты болып
шаршау → ат соқты болу → атсоқты болу

Атаулар: сын-қимыл; сыр-сипат

атсоқты (болу)
әлімжетті (көрсету)
балабасты (әйел)
белбеусоқты(ойын)
етекбасты(болу)
жұмысбасты (болу)
желқақты (болу)
жүребітті (шаруа)

көкейкесті (әңгіме)
күнқақты (болу)
қағазбасты (болу)
қамшыкесті (жылқы малына қатысты)
қамытбасты (айдағанға көнгіш)
қамытқақты (әл-қуаты кеткен)
қанқұйлы (оқиға)
кұлақкесті (кұл)
немкетті (қарау)
немқұрайлы (болу)
өзекжарды (уайым)

пышақкесті (тыйылу)
сусоқты (болу)

сүйкейсалды (қылу)
шаруабасты (болу)

-МА, -МЕ, -БА, -БЕ

Жасалу жолы: алып ұшқан мінез →
алып ұшпа мінез → алыпұшпа

Атаулар: сын-сипаттық

айкезбе (дерт)
ақжайма (төсек жабдығы)
аққатпа (қойдың ұлтабар құрты)
алыпқашпа (алыпқашпа сөз)
алыпұшпа (мінез)
атқума (ойын)
баукеспе (ұры)
бауыркөппе (дән өлшемі)
белбүрме (тігіс түрі)
бензинқұйма (жанармай құрылғы)
жерқазба (жеркепе)
жерқойма (жер астынан қазылған

қойма)
жолжазба
жолсілтеме (жол көрсеткіш)
иекартпа (иекартпаға шығу)
кенкөтерме (геол.)
күнтізбе
қазанаспа (ошақ)
қазанжаппа (нан)
қарынбүрме (тағам)
қолжазба (шығарма)
сарсолма (шөп)
сөзтізбе (сөздіктегі сөз тізімі)
суырыпсалма (ақын)
шығарыпсалма (сөз)
ізжазба

-ЫС, -ІС, -С

Жасалу жолы: бет бұрыс жасау → бет
бұрыс → бетбұрыс

Атаулар: әртүрлі

беталыс
бетбұрыс
беттырнас (экспр.)
бұқатартыс (ойын)
жанбағыс (жан бағу)
жүзтаньыс (адам)
итжығыс (түсу)
иткірмес (киіз есік, ергенек)

көзтаньыс (адам)
көзқарас (ой-пікір)
күнбағыс (өсімдік)
күнбатыс
күнкөріс (тіршілік, тұрмыс)
күншығыс
көкөніс
қазантолмас (жүрек тұс)
қантөгіс (соғыс)
құлаққағыс (есіне салу)
өгізтартыс (ойын)
серкетартыс (ойын)

-Қ, -ЫҚ, -ҚЫ, -КІ

Жасалу жолы: бу қыздыратын құрал
→ бу қыздырғы құрал → буқыздырғы

Атаулар: әртүрлі
ақаутапқы (техника)

басбілгі (мініске үйретілген жылқы)
бөріойнақ (қасқырдың ұйлығар кезі)
буқыздырғы (құрал)
бірсыдырғы (біркелкі, біршама)
бірталайғы (баяғы)
жарықтүсіргі (құрал)
көзтүрткі (болу)
қанойнақ (жылқыға қатысты)
қантышқақ (ауру)
қолсоқпақ (ойын)
күсойнақ

мүзойнақ (мүзайдын)
ойтамызық
ойтолғақ
ойтүрткі
өрмектартқы (аспап)
суқашыртқы
сақинасалмақ (ойын)
тақиятелпек
майқайырғы (құрал)
мүзқатқы

-ХАНА

асхана
атхана (ат қора)
аурухана
әбзелхана (әбзел сақтайтын орын)
әжетхана (дәрет сындыратын орын)
бажыхана (баж салығын алатын мекеме)
балахана (шатыр астындағы бөлме)
баспахана (баспа орны)
баяухана (зат бояйтын үй)
бөбекхана (босанатын үй)
бұғыхана (бұғышылар күркесі)
бозахана (боза сатылатын жер)
бұзаухана (бұзау ұстайтын орын)
газетхана (баспа)
ғибадатхана (ғибадат ететін орын)
дәмхана (тамақтанатын орын)
дәретхана (әжет сындаратын орын)
дәріхана (дәрі сататын орын)
дәулетхана (шах сарайы)
диетасхана (емдәм асханасы)
дыбысхана (музыкалық шығармалар сақталатын орын)
емхана (емделетін орын)
етхана (ет сақтайтын орын)

жатақхана (студенттер үйі)
жемхана (жем сақтайтын орын)
жындыхана зертхана (лаборатория)
зияратхана (зиярат ететін орын)
зікірхана (зікір салатын жер)
кітапхана
көшетхана (көшетті сақтайтын орын)
қасапхана (мал соятын жер)
қоңыраухана (шіркеудегі орын)
қоянхана (қоян өсіретін орын)
құжатхана (құжат сақтайтын орын)
құймақхана (дәмхана)
құсхана (құс тұратын қора)
құтхана (үй)
қымызхана (қымыз ішетін орын)
масахана (дәкеден тігілген шатыр)
мейманхана (қонақ үй)
мейрамхана (тамақтанатын орын)
мүсәпірхана (мүсәпірлер уақытша баспанасы)
мәжілісхана (мәжіліс өтетін жер)
мәйітхана (мәйіттерді сақтайтын орын)
мүрдехана (мүрде сақталатын орын)
мүсінхана (шеберхана)
намазхана (намаз оқитын орын)

наубайхана (нан пісіретін орын)
 орынхана (көне)
 перзентхана (босанатын орын)
 сабанхана (сабан жиналған жер)
 самсахана (самса жасалатын жер)
 сырахана (сыра дүкені)
 тауапхана (кұлшылық орны)
 төлхана (төл бағуға арналған орын)

ұстахана
 үйқабірхана (көне)
 шайхана
 шарапхана (шарап ішетін орын)
 шашлықхана (шашлық жейтін орын)
 шеберхана
 шілдехана (той)
 шөпхана (шөп сақтайтын орын)

-ҚҰМАР

Жасалу жолы: ақшаға құмар → ақша
 құмар → ақшақұмар

Атаулар: сын-сипаттық

ақшақұмар
 аңқұмар
 арызқұмар
 атаққұмар
 атқұмар
 әзілқұмар
 әнқұмар
 әңгімеқұмар
 байлыққұмар
 баққұмар
 балақұмар
 бәлекұмар
 бозақұмар
 білімқұмар
 даңққұмар
 дүниеқұмар
 жемқұмар

жыркұмар
 кітапқұмар
 қағазқұмар
 қалжыңқұмар
 қартақұмар
 қонаққұмар
 құлқынқұмар
 майқұмар
 мақтанқұмар
 мансапқұмар
 мәжілісқұмар
 ойынқұмар
 өсекқұмар
 пайдақұмар
 сауыққұмар
 сәнқұмар
 соғысқұмар
 сөзқұмар
 тәттіқұмар
 шайқұмар

-АРАЛЫҚ

Жасалу жолы: аудан аралығындағы →
 аудан аралығы → ауданаралық

Атаулар: сындық, мекендік

ауданаралық
 ауыларалық

бағанаралық
 бөлімшеаралық
 буынаралық
 галактикааралық
 деңгейаралық
 еларалық

жоларалық
клеткааралық
колхозаралық
континентаралық
қабатаралық
қалааралық
құрлықаралық

мекемеаралық
мектепаралық
мемлекетаралық
облысаралық
пәнаралық
салааралық
сыныпаралық

-ТАНУ

Жасалу жолы: дүниені тану → дүние
тану → дүниетану

Атаулар: ғылыми терминдер

абайтану
ағаштану
адамтану
алаштану
әдебиеттану
әлеуметтану
әуезовтану
бейнетану
ғибраттану
дүниетану
жануартану
жаратылыстану
жертану

кинотану
көлтану
кітаптану
қоғамтану
құқықтану
қытайтану
мағжантану
мектептану
мұражайтану
ормантану
өлкетану
өнертану
табиғаттану
тәнтану
театртану
шоқантану

-ЖАЙ

Жасалу жолы: егінге жай болатын
орын → егінге жай → егінжай

Атаулар: мекеме, орынға қатысты
жаңа сөздер

әуежай
бейжай
егінжай
еружай (көш кезінде аялдайтын орын)

жағажай
жылыжай
кемежай
қонақжай
қонысжай
қоңыржай
қоражай
малжай
мекенжай

орынжай
панажай

саяжай
тұрақжай

-ЖАНДЫ

Жасалу жолы: жаны ақындыққа
жақын → жаны ақын → ақын жанды
→ ақынжанды

Атаулар: тұрақты сөз тіркесінен сын-
сипаттық атауға көшкен сөздер
ақынжанды
әйелжанды

балажанды
дүниежанды
ержанды
жаужанды
итжанды
қызылжанды
малжанды

-ХАТ

Жасалу жолы: өз қолынан жазылған
хат → қолдан хат → қолхат

Атаулар: ресми құжат атаулары

алғысхат
ашықхат
бастаухат (тарихи құжаттар)
жолдаухат
келісімхат

қатынасхат
қолхат
құснихат
нұсқаухат
сенімхат
тәубехат (тәубеге келіп жазған хат)
түсінікхат
тілхат (қолхат)
үндеухат

-ҚАП

Жасалу жолы: қолдың сыртынан
киетін қап → қолдың қабы → қол қабы
→ қолқап → қолғап

Атаулар: тұрмыстық; биологиялық
атаулар

аяққап (дорба)
буынкап (шеміршек)
бұршаққап (өсімдік)
кебежеқап (дорба)

кесеқап (дорба)
көрпеқап (көрпенің қабы)
қазанқап (қазанның қабы)
қолғап (қолға арналған киім)
құлаққап (киім)
орындыққап
сандыққап (сандық қапталатын қап)
теңқап (жүктің қабы)
шашқап (жамылғы)
шынықап (шыны салатын дорба)

-ШӨП

Жасалу жолы: киік жейтін шөп →
киіктің шөбі → киік шөп → киікшөп

Атаулар: өсімдік атаулары

айдаршөп

айланшөп

ақтаспашөп

арамшөп

ашуайтшөп

арпашөп

барқытшөп

балдыршөп

балшөп

бауыршөп

батпақшөп

баушөп

баяушөп

бөденешөп

бұзықшөп

бұқарашөп

бүргешөп

елекшөп

елікшөп

еменшөп

ендікшөп

еркекшөп

жаншөп

жасаңшөп

жебіршөп

жемшөп

жұмыршөп

жұлдызшөп

жұпаршөп

жылаңқышөп

жындышөп

қарабасшөп

келіншекшөп

кенешөп

кемпіршөп

киікшөп

көкекшөп

көкбасшөп

кірпішөп

күреңшөп

қабыршөп

қандалашөп

қандышөп

қарабасшөп

қасықшөп

кенепшөп

қияңқышөп

қияршөп

қарғашөп

қояншөп

құмақшөп

құмшөп

құмайтшөп

құндызшөп

құсықшөп

қорғасыншөп

қырлышөп

қысшөп

қылтықшөп

ләйлекшөп

мақташөп

мизамшөп

ойраншөп

өгейшөп

өлеңшөп

сабыншөп

сағызшөп

саздықшөп

саршөп

сасықшөп

сауыршөп

сәбізшөп
сәлемшөп
семсершөп
сортаңшөп
сүйелшөп
сылдыршөп
тамақшөп
тамыршөп
тартаршөп
тасшөп

түзшөп
толғақшөп
томағашөп
түншықшөп
түктішөп
шайшөп
шайыршөп
шөрешөп
шүйіншөп
індетшөп

- ГҮЛ

Жасалу жолы: қалтаға ұқсас гүл →

қалта гүл → қалтагүл

Атаулар: гүл атаулары

азагүл
айгүл
айшықгүл
ақгүл
анаргүл
әлпігүл
әсемгүл
безекгүл
беренгүл
бөрігүл
бөрікгүл
бұйрагүл
бітеугүл
дәстүргүл
еңлікгүл
ерінгүл
жанамагүл
жанаргүл
жарқынгүл
жарықгүл
жатағангүл
жұлдызгүл

жұпаргүл
запырангүл
кекірегүл
кербезгүл
көкбасгүл
көкгүл
көкшегүл
қалтагүл
қандыгүл
қозыгүл
қолтықгүл
құралайгүл
қынагүл
қырмызыгүл
лалагүл
меруертгүл
намазгүл
наргүл
райгүл
райхангүл
раушангүл
сарыгүл
себетгүл
секпілгүл
таугүл

тегеурінгүл
тегісгүл
ұягүл
шегіргүл

шерменгүл
ымыртгүл
інжугүл

- ОТ(Ы)

Жасалу жолы: қойдың оты → қой оты
→ қойоты

Атаулар: өсімдік атаулары

ақот
аюоты
бақаоты
балықоты
бұлдырықоты
доңызоты
киізоты
киікоты
көкекоты
күреңоты

қараот
қозоты
қойоты
қояноты
қыраноты
маралоты
мысықоты
орайот
сабынот
семізот
суыроты
тартарот
торғайоты
шаяноты

-ЖЕГІ

Жасалу жолы: ағашты жегіш →
ағаш жегі → ағашжегі

Атаулар: биологиялық атаулар
ағашжегі
алмажегі

балықжегі
мамықжегі
тұқымжегі
тісжегі
шыбынжегі

-БАЛЫҚ

Жасалу жолы: қызыл етті балық →
қызыл балық → қызылбалық

Атаулар: балық түрлерінің атаулары
айбалық
ақбалық
арабалық
арқанбалық
атбалық

балғабалық
бұзаубалық
бұрымбалық
білеубалық
жыланбалық
итбалық
кекіребалық
күнбалық

кірпібалық
қарабалық
қойбалық
қызылбалық
қылышбалық
майбалық
мұзбалық

семсербалық
табанбалық
теңгебалық
түнбабалық
тікенбалық
шегірбалық
шөмішбалық

-АУРУ

Жасалу жолы: сарғайып кететін
ауру → сары ауру → сарыауру

Атаулар: ауру атаулары
жіңішкеауру
итауру

күйекауру
құртауру
өкпеауру
сарыауру
суауру

-ТОЙ

Жасалу жолы: бесікке саларда
жасалатын той → бесікке салар той →
бесік той → бесіктой

Атаулар: айтулы күн атаулары
алтынтой
бесіктой
күмістой

қолатой
қоныстой
мерейтой
мүшелтой
наурызтой
сабантой
сүндеттой

-АҚЫ

Жасалу жолы: пәтер шығыны үшін
төленетін ақы → пәтер ақысы → пәтерақы

Атаулар: төлем атаулары
билікақы (көне. билерге беретін ақы)
еңбекақы
жалақы
жамбасақы
жолақы
зейнетақы
көзақы

кіреақы
қолақы
қаламақы
қарымақы
өсімақы
өтемақы
пәтерақы
сыйақы
сұтақы
төлемақы

-БАС

Жасалу жолы: басы бұзауға ұқсайтын жәндік → бұзау бас жәндік → бұзаубас

Атаулар: өсімдік; жәндік атаулары

ақбас (өсімдік; ауру)

ақбұзаубас (жәндік)

аққоңырбас (өсімдік)

арпабас (өрнек; шөп)

атбас (өсімдік)

бедебас (өсімдік)

берікбас (жәндік)

бұзаубас (жәндік)

бұраубас (зоол.)

жұпарбас (өсімдік)

жыланбас (шөп; өрнек)

жыңғылбас (өсімдік)

итбас (жарғанат)

күйікбас (жәндік)

қоңыраубас (өсімдік)

қоңырбас (шөп)

қышабас (өсімдік)

мыңбас (өсімдік)

салаубас (өсімдік)

сарыбас (шөп)

сирекбас (өсімдік)

сұлыбас (өсімдік)

сіпсебас (өсімдік)

тарғақбас (өсімдік)

тауықбас (өсімдік)

теңгебас (өсімдік)

ұлпабас (өсімдік)

-БАСЫ

Жасалу жолы: әскердің басы болатын адам → әскер басы → әскербасы

Атаулар: әскери атаулар

әскербасы (әскерді басқарушы адам)

батырбасы (әскербасылық атақ)

белбасы (құдайы тамақ)

бүлікбасы (бүлікті бастаушы)

дуанбасы (көне)

елбасы (президент)

жүзбасы (жүз әскердің басқарушысы)

көшбасы (көшті бастаушы)

қойбасы (тақыр жер)

қосақбасы (мал ұрлаушы айыбы)

қалабасы (мәр)

қолбасы (әскерді басқарушы)

мыңбасы (мың әскерді басқарушы)

отбасы (жанұя)

онбасы (әскери лауазым)

рубасы (рудың басшысы)

топбасы

түменбасы (көне)

-ТІКЕН

Жасалу жолы: түйе жейтін тікенді шөп → түйе тікені → түйетікен

Атаулар: шөп атаулары

әнектікен

әректікен

бозтікен

бүрметікен

жабысқақтікен

жалаңтікен

жалбызтікен

көктікен
қаратікен
сарытікен
сортікен

теміртікен
түйетікен
шағыртікен
шегіртікен

-ТАМЫР

Жасалу жолы: алтын тамырлы шөп →
алтын тамыр шөп → алтын тамыр

Атаулар: өсімдік атаулары

алтай тамыр
алтын тамыр
атпатамыр
ауатамыр
ауыз тамыр
ащы тамыр
балдақ тамыр
бел тамыр

бұраматамыр
жерт амыр
жуан тамыр
жылан тамыр
көгентамыр
кіндік тамыр
қаратамыр
қызыл тамыр
май тамыр
марал тамыр
мың тамыр
сабын тамыр

-ЖАПЫРАҚ

Жасалу жолы: бұйра жапырақты
шөп → бұйра жапырақ шөп →
бұйра жапырақ

Атаулар: өсімдік атаулары

ақ жапырақ
баба жапырақ
бақа жапырақ
бала жапырақ
бал жапырақ
бес жапырақ
бозгүл жапырақ
бөбе жапырақ
бұйра жапырақ
бұран жапырақ
дәм жапырақ
жебе жапырақ

жүн жапырақ
жүрек жапырақ
иман жапырақ
қанат жапырақ
қан жапырақ
мүйіз жапырақ
мың жапырақ
садақ жапырақ
сужапырақ
сүт жапырақ
тартар жапырақ
таспа жапырақ
теңге жапырақ
түйе жапырақ
ужапырақ
шай жапырақ
шүкір жапырақ

-ҚҰРТ

Жасалу жолы: бауырды зақымдайтын құрт → бауыр құрты → бауырқұрт

Атаулар: ауру және жәндік атаулары

алақұрт
бақайқұрт
баспақұрт
бауырқұрт
бүйенқұрт
есекқұрт
жұлдызқұрт

жұлынқұрт
жыланқұрт
жылымқұрт
көмейқұрт
қазықұрт
қанқұрт
қарақұрт
қауынқұрт
қылқұрт
миқұрт

АҚ=

Жасалу жолы: ақ сөзі өзінің «қардың, сүттің түсіндей түс» деген мағынасынан алшақтайды, ауыс мағынада көбірек жұмсалады, бірнеше тіркес құрамында қайталанады.

ақайран (ала-құла)
ақбайпақ (мал ауруы)
ақбалшық (тау қыртысы)
ақбас (түйе ауруы)
ақбасжуан (өсімдік)
ақбауыр (бұлдырық)
ақбидай (дақыл)
ақбикеш (тары)
ақбұзаубас (балық)
ақдәнекер (металл)
ақезу (ауыздық)
ақжайма (төсек-орын)
ақжалау (ауру)
ақжаңбыр (жаңбыр)
ақжапалақ (жапалақ)
ақжапырақ (өсімдік)
ақжарқын (ақкөңіл)
ақжидек (итжидек)
ақжирен (өсімдік)
ақжол (дұрыс бағыт)

ақжұпар (ақгүл)
ақжүгері (өсімдік)
ақжүрек (рухани таза; шөп)
ақжілік (жылқы)
ақкекілік (аққұр)
ақкелін (өсімдік)
ақкиіз (салық)
ақкөбелек (көбелек)
ақкөз (балық)
ақкөйлек (бидайдың қауызы)
ақкөңіл (ашық-жарқын)
ақкөрпе (көрменің тысы)
ақкөш (ойын)
аққабақ (құс)
аққайнар (жүзім шарабы)
аққайрақ (өсімдік)
аққала (қардан тұрғызылған тосқауыл)
аққалақ (аң)
аққан (ауру)
аққанат (құс)
аққанбақ (өсімдік)
аққаптал (құс)
аққарағай (ағаш)
аққарқара (құс)
аққатпа (құрт)
аққолтық (әйел)

аққоңырбас (дақыл)
 аққугүл (ақтұңғиық)
 аққұйрық (ақша)
 аққұйын (құйын)
 аққұлақ (аң)
 аққұман (шәйнек)
 аққұмырсқа (жәндік)
 аққұс (әк, утас)
 ақмамық (өсімдік)
 ақмарал (жануар)
 ақмұрт (етіктің ұлтаны)
 ақмылтық (мылтық)
 ақнауат (қауын түрі)
 ақниет (ақжүрек)
 ақпатаяқ (ойын)
 ақпейіл (ниеті адал)
 ақсақал
 ақсаңырауқұлақ (саңырауқұлақ)

ақсаусак (еңбекке үйренбеген)
 ақсирак (малдың қырылуы)
 ақсорпа (сорпа)
 ақсу (қайнаған су)
 ақсүйек (текті)
 ақтабан (ат)
 ақтамақ (өсімдік)
 ақтас (әк)
 ақтаспа (өсімдік)
 ақтаспашөп (өсімдік)
 ақтаяқ (ханның шабарманы)
 ақтерек (өсімдік)
 ақтоған (су)
 ақтоқал (бидайдың түрі)
 ақтүйежоңышқа (өсімдік)
 ақтүн (жарық түн)
 ақтырнақ (қабыршақ)
 акірімшік (тағам)

АЛА=

Жасалу жолы: *ала* сөзі өзінің «ақ пен қара аралас түс» деген мағынасынан алшақтайды, ауыс мағынада көбірек жұмсалады, бірнеше тіркес құрамында қайталанады.

алабалта (ұрыс қаруы)
 алабауыр (ауру)
 алабөтен (өзгеше)
 алабүйрек (ауру)
 алажертесер (тышқан)

алакөз (қырғиқабак)
 алакөлеңке (кешкі мезгіл)
 алакөңіл (дегбірсіз)
 алакүшік (ойын)
 алақанат (алашабыр)
 алақұс (жетесіз)
 аласәуле (күнгірт)
 аласот (алауыз)
 аласұру (тыпыршу)
 алатұяқ (қу)
 алашыбын (шыбын)

БАС=

Жасалу жолы: *бас* сөзі өзінің «анатомиялық мүше» мағынасынан алшақтайды, ауыс мағынада көбірек жұмсалады, бірнеше тіркес құрамында қайталанады.

басалқа (кеңес; төрелік)
 басараз (реніш)
 басарқа (жылқы түлігінің шоқтық тұсы)
 басасау (жылқы)
 басбау (киіз үйдің негізгі бауы)

басбунақ (уақыт)
басбұзар (бұзақы)
басбілгі (басшы)
басжақсы (кәде)
баскесер (жауыз)
баскиім
басқосу (жиын-той)

басмия (өсімдік)
бассауға (бас амандығы)
бастиек
бастоған (су)
бастоғыз (кәде)
басыбайлы (еркіндігі жоқ)
басыбүтін (біржола)

ЖЕР=

Жасалу жолы: *жер* сөзі өзінің геология мағынасынан алшақтайды, ауыс мағынада көбірек жұмсалады, бірнеше тіркес құрамында қайталанады.

жерағаш (ағаш соқа)
жералмұрт (өсімдік)
жерарба (арба)
жерасты (жердің астыңғы қабаты)
жербарақ (баспана)
жербасар (аяқкиімнің бөлігі)
жербедер (геогр.)
жербидай (өсімдік)
жербөгет (құрылғы)
жербұрыш (өсімдік)
жержанғақ (өсімдік)
жержастық (жастық)
жержүзі (барлық әлем)
жеркезбе (жиһангез)
жерқазан (тағам түрі)
жерқазба (жеркепе)
жерқазғыш (тышқан)

жерқазық (қазық; соқа)
жерқойма (орын)
жерқонақ (өсімдік)
жермай (керосин)
жерорта (жас шамасы)
жерошақ
жерсағыз (өсімдік)
жерсаты (баспалдақ)
жерсәкі (сәкі)
жерсерік (спутник)
жерсоғар (өкше)
жертабан (табалдырық)
жертамыр (шөп)
жертану (ғылым саласы)
жертартқыш (ток сіңіргіш)
жертезек (отын)
жертесер (тышқан)
жертөлө (баспана)
жертөсек (төсек)
жерұйық
жерұшық (ауру)
жершашақ (өсімдік)

ЖОЛ=

Жасалу жолы: *жол* сөзі бірнеше тіркес құрамында қайталана келе, тура мағынасынан алшақтайды.

жолағасы (жолбастаушы)
жолазық (ырым)
жолайрық
жолақы (төлем)

жолашар (ырым)
 жолаяқ (ырым)
 жолбасар (ұры)
 жолбастаушы (жетекші)
 жолбасшылық (жол көрсетушілік)
 жолбелгі (белгі)
 жолбике (жолай кездескен серік)
 жолдаухат (хат)
 жолдорба
 жолжазба (күнделік)
 жолжылжытқыш (мәшине)
 жолкесер (ұры)
 жолкөзер (жолдың жайын жақсы

білуші)
 жолкілем (ені тар төсеніш)
 жолқағаз (жолдама)
 жолқайық (қайық)
 жолсапар (іс сапар)
 жолсерік (теміржол қызметкері)
 жолсоқты болу
 жолсілтеме (нұсқаулық)
 жолсілтеуші (бағдар беруші)
 жолтабан (құрылғы)
 жолтазартқыш (техника)
 жолтоспай (кедергі жасау)
 жолтөсегіш (мәшине)

ИТ=

Жасалу жолы: *ит* сөзі өзінің тура мағынасынан алшақтайды, ауыс мағынада көбірек жұмсалады, бірнеше тіркес құрамында қайталанады.

италақаз (құс)
 итарба (жеңіл қоларба)
 итарқа (уақытша баспана)
 итбалық (жануар)
 итбас (хайуанат)
 итбөрі (жабайы ит)
 итәуре (әлек болушылық)
 итжейде (нәресте көйлегі)
 итжеккен (жер аудару)
 итжелек (өсімдік)
 итжидек (өсімдік)
 итжусан (өсімдік)
 итжүзім (өсімдік)
 итжүн (ауруы)

иткендір (өсімдік)
 иткене (кене)
 иткүрке (ит ұясы)
 итқоға (өсімдік)
 итқонақ (өсімдік)
 итқұйрық (өсімдік)
 итқұлақ (өсімдік)
 итқұс (қасқыр; тексіз)
 итмұрын (өсімдік)
 итошаған (өсімдік)
 итсабын (өсімдік)
 итсигек (өсімдік)
 иттабан (өсімдік)
 иттүйнек (піспей қалған қауын)
 итшабақ (күрбақа)
 итшана (су әкелетін шана)
 итшегіргүл (өсімдік)
 итшомыр (өсімдік)

КӨК=

Жасалу жолы: *көк* сөзі өзінің «аспан түстес түс» деген тура мағынасынан ал-

шақтайды, «жас, піспей қалған» ауыс мағынасында көбірек жұмсалады, бірнеше

тұрақты тіркес құрамында қайталанады.

көкайыл (ашушаң; мықты)
көкайылдану
көкайылдық (нашар мінезділік)
көкауыз (сөзуар)
көкаяз (шикі)
көкаяздану
көкбазар (сауда орны)
көкбақа (арық)
көкбалауса (шөп)
көкбарқын (түс)
көкбармақ (олақ)
көкбас (өсімдік; балық)
көкбасгүл (өсімдік)
көкбасшөп (өсімдік)
көкбауыр (анат. мүше)
көкбек (өсімдік)
көкберен (мықты)
көкбет (ашушаң)
көкбеттену
көкбиік (өсімдік)
көкбозат (қос жұлдыз)
көкбояу (дақыл)
көкбөрі (ойын)
көкбұта (өсімдік)
көкбүлдірген (өсімдік)
көкгүл (өсімдік)
көкдаңғыл (жел)
көкдәрі (тотыяйын; ұрысқақ)
көкезу (мылжын)
көкезулену
көкейкесті (маңызды)
көкет (бауыр ет)
көкжал (қасқыр; озбыр адам)
көкжалбыз (өсімдік)
көкжаулық (өсімдік)
көкжелік (жүн; түлеген мал)

көкжендет (жануар; жігіт)
көкжидек (өсімдік)
көкжиек
көкжон (балық)
көкжорға (ауру)
көкжөре (күс)
көкжөтел (ауру)
көкзенгір (мөлдір)
көккептер (кептер)
көкқарға (күс)
көкқасқа (жылқы; өсімдік; су)
көккүс (күс)
көккүтан (күс)
көкмойнақ (жылқы; мінезді адам)
көкмойын (көрікті; қажыған)
көкмұздақ (қабыршақ мұз)
көкмылжын
көкнайза (бидай)
көкнәр (өсімдік; сөл)
көкорай (өсімдік)
көкөзек (көк шалғынның өспеген кезі)
көкөніс (бақша дақылдары)
көксағал (сарғыш тартқан егін)
көксағыз (өсімдік)
көксақал (сыйлы азамат)
көксал (көксауыр)
көксалпаң (лайлы)
көксары (күс)
көксау (ауру)
көксауыр (былғары)
көксеңгір (биік шың)
көксерек (найза; ойын; қасқыр)
көксерке (балық)
көксет (аңсату)
көксеу (етістік)
көксоққан (бұзақы)
көксоқта (қар еріген кез)
көксоқталы (көксоқтасы шыққан)

көксуыр (жануар)
 көксұлтан (өсімдік)
 көксүңгі (қару; шөп басына мұз қатуы)
 көктабан (асық)
 көктайғақ (сырғанақ)
 көктал (өсімдік)
 көкталақ (ауру)
 көктамыр (қан тамыры)
 көктас (минерал; құлпытас)
 көктеке (құс)

көктерек (ағаш)
 көктоғай (құс)
 көктөбет (өсімдік)
 көктүбіт (бүркіт)
 көктышқақ (ауру)
 көкұлар (құс)
 көкшағыр (өсімдік)
 көкшай (шай)
 көкшешек (өсімдік; ауру)
 көкшолақ (өсімдік)

ҚАРА=

Жасалу жолы: *қара* сөзі өзінің тура мағынасынан алшақтайды, ауыс мағынада көбірек жұмсалады, тұрақты тіркес құрамында қайталанады.

қараағаш (ағаш)
 қараажырық (өсімдік)
 қараала (ою-өрнек; өсімдік; тағам)
 қараалқа (өсімдік)
 қараалма (алма)
 қарааяқ (ішік)
 қарабай (құс; саран)
 қарабайдай (саран)
 қарабайлық (қайырымсыздық)
 қарабалық (балық)
 қарабарак (өсімдік; ағаш)
 қарабарқын (түс)
 қарабас (өсімдік)
 қарабасшөп (өсімдік)
 қарабауыр (құс; безбүйрек)
 қарабез (ауру)
 қарабет (ұятсыз)
 қарабидай (өсімдік; астық)
 қарабие (ойын)
 қарабодын (көне атау)
 қарабозторғай (құс)
 қаработа (өсімдік)

қарабура (бөгет; қора)
 қарабурала (тосқауыл жасау)
 қарабұға (балық)
 қарабұйым (ұлы зат)
 қарабұта (өсімдік)
 қарабүлдірген (қожақат)
 қарабүр (сексеуіл)
 қарағұс (анат. мүше)
 қарадауыл (жел)
 қарадән (өсімдік)
 қарадегелек (құс)
 қарадүрсін (қарабайыр)
 қаражелін (ауру)
 қаражемсаулы (құс)
 қаражеміс (өсімдік)
 қаражидек (өсімдік)
 қаражусан (өсімдік)
 қаражүзді адам
 қаражүрек (мейірімсіз)
 қаражүріс (ұзақ жүріс)
 қаракөз (балық)
 қаракөл (қой)
 қаракөленке кез
 қаракөрім (жер)
 қаракүзен (аң)
 қаракүйе (ауру)

қаракіс (аң)
қарақабат (қарын)
қарақағаз (көшірме қағаз)
қарақаз (құс)
қарақазан (үйлі-жайлы)
қарақайыс (түйе)
қарақал (аң)
қарақалпақ
қарақанат (құсқа байланысты)
қарақаптал (мал ауруы)
қарақарын (ауру)
қарақас (зоол.)
қарақасқа (мата)
қарақоға (өсімдік)
қарақоғыр (өсімдік)
қарақожалақ (сатпақ-сатпақ)
қарақорым (көп)
қарақотыр
қарақошқылдану

қарақұйрық (аң)
қарақұйын (құйын)
қарақұмық (өсімдік)
қарақұр (құр)
қараниет (сұм)
қараот (өсімдік)
қараөзек шақ
қараөкпе (ауру)
қараөлең (өсімдік)
қараөрік (жеміс)
қарасақал (ер азамат)
қарасексеуіл (ағаш)
қарасонар (аңшылық)
қарасора (өсімдік)
қарасораң (өсімдік)
қарасөз (нақыл сөз)
қарасу (жерасты суы)
қаратабан кедей
қараталақ (ауру)

ҚЫЗЫЛ=

Жасалу жолы: қызыл сөзі өзінің нақты түс мағынасынан алшақтайды, ауыс мағынада көбірек жұмсалады және жалпы, дерексіз мағынаға көшіп, бірнеше тіркес құрамында қайталанатын.

қызылбалық (балық)
қызылбас (өсімдік)
қызылбит (жәндік)
қызылбұрыш (өсімдік; ұнтақ)
қызылжалқындану
қызылиектену
қызылкенірдік (дауласу)
қызылқаз (құс)
қызылқанат (балық)
қызылқас (құс)
қызылқат (өсімдік)

қызылқұйрық (өсімдік; торғай)
қызылмай болу
қызылмия (өсімдік)
қызылөнеш (сөзқұмар)
қызылсирақ (кедей)
қызылсоран (өсімдік)
қызылсу (су)
қызылтабан болу
қызылтақ (тақыр жер; құм төбе)
қызылтамыр (өсімдік)
қызылтанау болу
қызылтаңдай (өсімдік)
қызылтаспа (өсімдік)
қызылтұмсық болу
қызылтүйіршік (қан құрамы)
қызылшақа (балапан)

қызылшеке болу
қызылшу (ауру)

қызылшырайлы
қызылізшілер (жастар тобы)

ҚОЛ=

Жасалу жолы: қол сөзі өзінің анатомиялық мүше деген мағынасынан алшақтайды, жалпы, дерексіз мағынаға көшіп, бірнеше тіркес құрамында қайталанады.

қолағаш (құрал, тоқпақ)
қолағаштай (үлкен, ебедейсіз)
қолбайлау (кедергі)
қолбақыр (ожау, тұтқалы ыдыс)
қолбала (көмекші; саят құсы)
қолбаладай (елбектеген)
қолбалта (кішкене балта)
қолбасшы (әскери басшы)
қолбасшылық
қолбасы (әскербасы)
қолбау (бау)
қолбоқша (сөмке)
қолбұран (құрал)
қолғабыс (жәрдем)
қолғанат (көмекші; сүйеніш)
қолғап (биялай)
қолдиірмен (құрал)
қолдоп (спорт)
қолдорба (кішкене дорба)
қолдыбақыр (шелек)
қолжазба
қолжақ (қолсадақ)
қолжаулық (қолорамал)
қолжем (өсімдік)
қолжетімді (сатып алу мүмкіндігі)
қолжуғыш (бұйым)
қолжұмыс (жұмыс)
қолжүк (заттар)

қолкерәует (керәует)
қолкесер (ет)
қолкиіз (тұтқыш)
қолкөмек (қолғанат)
қолкөрік (көлік)
қолкүйме (бесік)
қолкүрек (күрек)
қолкүш (жинау)
қолкілем
қолқайыр (садақа)
қолқанатты балықтар
қолоқ (жебе)
қолорақ (құрал)
қолорамал (сүлгі)
қолөнер
қолөнерлік
қолсағат
қолсамар (астау)
қолсандық (сандық)
қолсауда (сауда)
қолсозым (өлшем)
қолтаңба
қолтартпа (құрал)
қолтоқпақ (ағаш)
қолтума
қолтұзақ (тұзақ; ойын)
қолтіс (соқа)
қолұстатар (кәде)
қолүзбек (ойын)
қолүздік (сый)
қолхат (хат; құжат)
қолшалғы (құрал)

қолшана (шана)
қолшаршы (қолорамал)
қолшатыр

қолшоқпар (қару)
қолшығыр (құрал)
қолілгек (әшекей)

ҚОЙ=

Жасалу жолы: *қой* сөзі жалпы, дерексіз мағынаға көшіп, бірнеше тіркес құрамында қайталанады.

қойауыз (кәде)
қойбалдырған (өсімдік)
қойбалық (балық)
қойбастар (қолөнер)
қойбасы (тақыр жер)
қойбетеге (өсімдік)
қойбұршақ (өсімдік)
қойбүлдірген (өсімдік; жеміс)
қойелтірі (терм.)
қойжелек (өсімдік)
қойжелкек (өсімдік)
қойжуа (өсімдік)
қойжуас, қойжуас адам
қойжусан (өсімдік)
қойкезек (қой бағу)
қойкемірген (өсімдік)
қойкене (кене)
қойкөде (өсімдік)

қойкөздену
қойқазан (қазан)
қойқап (миф.)
қойқарақат (жемісті бұта; жеміс)
қойқаранжы (шөп)
қойқосақ (арқан)
қойкұлақ (өсімдік)
қойкұрт (кәде)
қойқызғалдақ (өсімдік)
қойқырқым (қырықтық)
қоймаңдай (құз тастар)
қоймаңдайтас (геогр.)
қойоты (өсімдік)
қойөгіз (зоол.)
қойтас (геол.)
қойтебін (жайылым)
қойтенек (ауру)
қойтенге
қойторы (жуас, момын)
қойтұтқы (құрал)
қойтұяқ (жамбы)
қойшағыр (өсімдік)

ТҮЙЕ=

Жасалу жолы: *түйе* сөзі жалпы, дерексіз мағынаға көшіп, бірнеше тіркес құрамында қайталанады.

түйебас (ойын)
түйебеде (өсімдік)
түйебұршақ (өсімдік)
түйебүлдірген (өсімдік)

түйежабағы (ұйысқан жүн)
түйежантак (өсімдік)
түйежанғақ (өсімдік)
түйежапырақ (өсімдік)
түйежарыс (ойын)
түйежоңышқа (өсімдік)
түйекекілік (құс)
түйеқанбақ (өсімдік)

түйеқарын (өсімдік)
 түйеқоңыз (қоңыз)
 түйекұйрық (өсімдік)
 түйекұлақ (тышқан)
 түйекұс (құс)
 түйемойнақ (ыдыс)
 түйемойынит (минерал)
 түйемұрындық (ырым)
 түйеөшаған (өсімдік)

түйесоран (өсімдік)
 түйесүйек (өсімдік)
 түйесіңір(өсімдік)
 түйетабан (өсімдік; ою; балық)
 түйетауық (құс)
 түйешағала (құс)
 түйешаруашылық
 түйешетен (өсімдік)
 түйешырмауық (өсімдік)

САРЫ=

Жасалу жолы: сары сөзі тура мағынасынан алшақтап, жалпы, дерексіз мағынаға көшіп, бірнеше тіркес құрамында қайталанады.

сарбасшөп (өсімдік)
 сарыағаш (өсімдік)
 сарыазбан (өрмекші)
 сарыалақаз (құс)
 сарыалқым (құс)
 сарыандыз (өсімдік)
 сарыарқа (қой)
 сарыатан (амал)
 сарыауыз балапан
 сарыаяқ (марка; төл)
 сарыаяқтас (замандас)
 сарыбалақ (егін)
 сарыбасша (құс)
 сарыбауыр (ауру түрі)
 сарыбоздақ (құс)
 сарыборандату
 сарыбөртпе (ет)
 сарыбуын (ауру; өсімдік)
 сарыгүл (өсімдік)
 сарыдене (биол.)
 сарыезу шағы
 сарыжағал (ешкі)
 сарыжамбас (науқас)

сарыжарғақ (киіс)
 сарыжылан (кесіртке)
 сарыжілік болу
 сарыкезек (ауру)
 сарыкекіре (балық)
 сарыкеурен (өсімдік)
 сарыкүзен (аң)
 сарыкүйік (өсімдік)
 сарықайғы (қайғы)
 сарықарағай (өсімдік)
 сарықараған (өсімдік)
 сарықарақат (өсімдік)
 сарықарын болу
 сарықас (құс)
 сарықияқ (өсімдік)
 сарықоңыз (амал)
 сарықұлақтан (өсімдік)
 сарықұтан (құс)
 сарықылшық (жүн)
 сарықына (өсімдік)
 сарымай
 сарымақ (күшік)
 сарымаңыздану (қоюлану)
 сарымаса (маса)
 сарымия (өсімдік)
 сарымойнақ (мылтық)
 сарытақым ұры

сарытопырақ (шөгінді)
сарытұңғиық (өсімдік)
сарытікен (өсімдік)
сарыуайым (қайғы)

сарыуыз (тамақ)
сарыүйек (жылан)
сарышаян (өрмекші)
сарышолоқ (өсімдік)

СҰР=

Жасалу жолы: *сұр* сөзі тура мағынасынан алшақтап, жалпы, дерексіз мағынаға көшеді, бірнеше тіркес құрамында қайталанады.

сұралақаз (құс)

сұржылан (жылан)
сұркөбелек (көбелек)
сұрқарлығаш (құс)
сұртопырақ (топырақ)
сұртышқан (өсімдік)
сұршөп (жәндік)

СУ=

Жасалу жолы: *сұр* сөзі тура мағынасынан алшақтап, жалпы, дерексіз мағынаға көшеді, бірнеше тіркес құрамында қайталанады.

суағаш (иін ағаш)
суайрық (шартты сызық)
суауру (ауру)
суауыз (ауру)
суаяқ (алаяқ)
субеде (өсімдік)
субұрқақ (фонтан)
субұт (ағаш)
субүрге (шаян)
субүркіт (құс)

судоңғалақ (қозғалтқыш)
сужаңғақ (өсімдік)
сужелек (өсімдік)
сужидек (өсімдік)
сужүкпас (алаяқ)
сужұқтырмас (алаяқ)
сужұлдыз (өсімдік)
сужүрек (қорқақ)
сужылан (жылан)
сукөкірек (өсімдік)
суқабак (асқабак)
суқараңғы (соқыр)
суқойма (су көздері)
суқұзғын (балық)
суқұлама (сарқырама)

КӨП=

Жасалу жолы: *көп* сөзі тура мағынасынан алшақтап, жалпы, дерексіз мағынаға көшеді, бірнеше тіркес құрамында термин сөздер жасайды.

көпаяқты жәндік

көпаяқтылар (зоол.)
көпбалалы
көпбалалылық
көпбейнелік (мат.)
көпбейімді
көпбұрыш (геом.)

көпбұрышты
көпвекторлы
көпдауысты (муз.)
көпдеңгейлі
көпдеңгейлік
көпдінді
көпдінділік
көпжақ (геом.), көпжағы
көпжақты, көпжақты келісім
көпжасушалы (биол.)
көпжылдық
көпкүректістілер (зоол.)
көпқалталы (анат.)
көпқанатты балық
көпқанаттылар (зоол.)
көпқұдайшылдық
көпқылтықты (зоол.)
көпмәнді функция
көпмүше
көпмүшелік, көпмүшелігі
көпнәсілдік
көпнегізді қышқылдар
көпнекелі

көпнекелілік
көппалаталы
көппалаталылық
көппартиялы
көппартиялық
көпсайыс (спорт)
көпсайысшы
көпсалалы
көпсатылы, көпсатылы зымыран
көпсөзді
көпсөзділік
көптаңбалы
көптектілік
көптомды
көптомдық
көптүрлілік
көптілді
көптілділік
көпұлтты
көпұлттық
көпүйлі өсімдік
көпүнділік
көпэтностық

БІР=

Жасалу жолы: *бір* сөзі сан мағынасынан алшақтап, дерексіз мағынаға көшеді, бірнеше тіркес құрамында қайталанатын.

бірадарлы (сөзінде тұратын)
біраз
бірайдам (бір гектар жер)
бірақ
біралқым (жіп)
біралуан (өзгеше)
біралуандас
бірасар
бірасым (уақыт)
біротала (біржола)

біраттам (жақын)
біратым насыбай
бірауыз сөз
бірауыздан
бірауызды
бірауыздылық
бірауық мезгіл
бірбағыныңқы
бірбағыттық
бірбайлар (орамал)
бірбақайлы
бірбауыр (жіп)
бірбет (қыңыр)

| | |
|--------------------------|-------------------------------|
| бірбеткей | бірқайнатым (өлшем) |
| бірбеткейлік | бірқақпай |
| бірбеттілік | бірқалыпты (өзгеріссіз) |
| бірблокты | бірқалыпсыз |
| бірбілем (өлшем) | бірқанша (бірнеше) |
| бірдауыстылық (муз.) | бірқарқын (бір уақыт) |
| бірдәрежелі | бірқатар (едәуір) |
| бірдеңгейлі | бірқилы (ерекше, өзгеше) |
| бірдүземе (мата) | бірқос (біркелкі) |
| біржайлы | бірқұлақ (су) |
| біржақты (сынаржақ) | бірқұралыптас (адамдар тобы) |
| біржақтылық | бірқыдыру (бірсыпыра) |
| біржамбастау | бірқызық |
| біржар | бірлән |
| біржарымдап | бірмәнді функция |
| біржасушалы | бірмәнсіздік |
| біржелілі | бірмінез (біртоға) |
| біржер | бірмойын (қырсық) |
| біржола (мүлдем) | бірмойын (өлшем) |
| біржолата | бірмүше (өрнек) |
| біржолға | бірмұнша (біраз) |
| біржолғы | бірмінез |
| біржолы | бірнегізді (қышқыл) |
| біржөргем | бірнеше (бірсыпыра) |
| біржұтым су | бірнешеу (сан есім) |
| біржылдық | бірорталықтандыру |
| біриірім | бірорынды |
| біркамралы | бірөкпелі (балық түрі) |
| біркелкі | бірөлшемді (бәріне ортақ) |
| біркелкілену | бірөңкей (түгелдей) |
| бірзділік (жүйелілік) | бірөтпелі (бағдарлама) |
| бірішек (тамақ ішпейтін) | бірпалаталы |
| біркамралы (аппарат) | бірпартиялы |
| біркиер киім | бірразрядты |
| біркөрмеге (алғашқыда) | біррангілі (компьютер желісі) |
| біркөш жер | бірреттік |
| біркүндік (жәндік) | бірсалар (көрпе) |
| біркісілік | бірсалым (мөлшер) |
| бірқабатты | бірсарынды (бірыңғай) |
| бірқадам | бірсатылы (көлтабан жүйесі) |
| бірқазан (күс) | бірсауым |

бірсәрі (шылау)
 бірсөзді (екі сөйлемейтін)
 бірсұқпай (шәркей)
 бірсыдырғы (біршама)
 бірсыдыру (бірқыдыру)
 бірсыпыра
 біртабан жақын
 бірталай (бірсыпыра)
 бірталайғы (көптен біргі)
 біртанаулылар (зоол.)
 біртапсырмалы (жүйе)
 біртартар (жаулық)
 біртегіс (біркелкі)
 біртектес (ұқсас)
 біртектендіру
 біртекті
 біртесіктілер (зоол.)
 біртиындық (түкке тұрғысыз)
 біртілім нан
 біртоға мінез
 біртоғыс
 біртуар (сирек кездесетін)
 біртуған (түйе)

біртума (түйе)
 біртурам
 біртұтам (титтей)
 біртұтас (бөлінбейтін)
 біртүйір (кішкентай)
 біртүлек (құс)
 біртүрлі (бір қызық)
 біртүсті
 біртілім
 біртістем
 біруыс (өлшем)
 бірүзім нан
 бірүйлі (өсімдік)
 бірұрт (қыңыр)
 бірұрттам (өлшем)
 біршайқам май
 біршама (едәуір)
 біршөкім (өлшем)
 біршөмішті экскаватор
 біршымшым тұз
 бірыңғай
 бірыңғайлас
 бірыңғайландыру

ӘСІРЕ=

Жасалу жолы: *әсіре* сөзі
 «өте» мағынасынан алшақтап,
 грамматикалық мағынаға көшеді,
 бірнеше тіркес құрамында
 қайталанады.
 әсіреаянпаздық (аяншақтық)
 әсіребейімділік
 әсіребилік
 әсіребилікшіл
 әсіребилікшілдік
 әсіредемократ
 әсірежағымпаздық
 әсіреинтернационалист
 әсіреисламшыл
 әсірекұрмет

әсіреқызыл
 әсірематериалистік
 әсіремәдениетті
 әсіремамлекетшіл
 әсіремұсылман
 әсіреорталықтандырылу
 әсірепатриот
 әсіресаяқтық
 әсіресауатты (сауаттысымақ)
 әсіресаясаттану
 әсіресолшыл
 әсіресөзділік
 әсіреұлтсыз (мәңгірт)
 әсіреұлтшыл
 әсіреұлтшылдық

СЫҢАР МАҒЫНАЛАРЫНЫҢ АУЫСУЫ НЕГІЗІНДЕ БІРГЕ ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕР

Жасалу жолы: тұрақты тіркестер →
лексикалық тіркестер → біріккен
сөздер

адалниет

адалниеттік

айтұяқ жылқы

ақайрандану

ақбикеш (тары)

ақжаңбыр

ақжарқын

ақжарқындылық

ақжелін (мал желініне қатысты)

ақжол тілеу

ақжүрек

ақжүректік

ақжілік (жылқы)

ақиық (құс)

ақкиіз (салық)

ақкөңіл

ақкөңілділік

ақкұйрық (ақша)

ақкұйын (қатты құйын)

аққұлақ (аң)

аққұман (шәйнек)

ақниет

ақниеттілік

ақпейіл

ақпейілдік

ақсақал

ақсаусақ

ақсүйек

ақтабан шұбырынды

ақтандақ болу

алақоржын (тышқан)

алауыз

алауыздық

бақкүндес

бақкүндестік

бақталас

бақталастық

бозбас (тәжірибесіз жігіт)

бойкүйез

бойкүйездік

дүниеқоңыз

дүниеқоңыздық

жадыбас (сиқырланған, нақұрыс)

көғауыз

көкайыл

көкайылдану

көкайылдық (нашар мінезділік)

көкаяз

көкаяздану

көкбақа

көкбет

көкбеттену

көкезу

көкезулену

көкмұздақ

көкмылжың

көктайғақ

кісікиік

кісікиіктену

қарақанат (өсімдік)

қолғанат (қол қанат болу)

қолғап (қолға арналған қап)

мойнақ (мойыны ақ)

неғұрлым (не құрлым)

өлтірі (өлі-тірі)

сайгүлік (сай күлік)

саратан (сары атан)

сарауру (сарғайып кететін бауыр ауруы)

сарбөртпе (сары бөртпе жем)

сарбуын (сары буын ауруы)

сарбұға (шөп тамыры)

саргүйек (сары күйек)

саргідір (сары кідір)

сарғалдақ (сары қалдақ)
сарқұлақ (ақша)
сарсолма (шөп)
сарсу (тағам)
сартабан (балық)
сартаңдақ (сары тандақтану)
сартап (сары таптану)
сартұқыш (сары тұқыш балық)
түнеугүні (тұу сол күні)

Жасалу жолы: синтаксистік
сөз тіркесі → еркін сөз тіркесі →
лексикалық сөз тіркесі → күрделі сөз
→ біріккен сөз

арыстанқұйрық (шөп)
атқұлақ (өсімдік)
аттіс (кемпірауыз)
аюқұлақ (өсімдік)
азуағаш (құрал)
атағаш (ат байлайтын мама ағаш)
ақырағаш (мал оттығы)
алмаағаш (өсімдік)
анартас (минералды тас)
астықағаш (өсімдік)
әулиеағаш (діни)
әдіпқұйрық (балық)
бесқұлақ (әшекей)
ботақұлақ (өсімдік)
бөріаяқ (өсімдік)
бөрікұлақ (ою)
бөрітіс (жылан)
бұзаутіс (қамшы)
бұлаңқұйрықтату (жорту)
бізқұйрық (күс)
бірқұлақ (су)
балауызағаш (өсімдік)
барқытағаш (өсімдік)
баспасөз
белағаш (арба білігі)
бестас (ойын)

бортас (геол.)
дөңбектас (астық бастыратын тас)
есектас (ырым тасы)
жартас
жарыссөз
жерағаш (ағаш соқа)
жұпарағаш (мәңгі жасыл ағаш)
жұқағаш (жүкааяқ)
зертас (шыны тектес жабын)
қалқанқұлақ (өсімдік)
қаракұйрық (ан)
қозықұйрық (өсімдік)
қозықұлақ (өсімдік)
қозықұлақтану (жапырақтану)
қойқұлақ (өсімдік)
қолтіс (соқа)
қосқұлақ (ойын; ою атауы)
қоянқұйрық (өсімдік)
қоянқұлақ (өс)
қуысқұлақ (құрал)
құймақұлақ (зерек)
құланқұйрық (өсімдік)
құркұлақ (ауру)
қызылқұйрық құмтышқан
қызылқұйрық торғай
қылқұйрық (күс)
қырықаяқ (жәндік)
қырыққұлақ (өсімдік)
иінағаш (су таситын құрал)
келіссөз
кеспетас
көбіктас
көктас (минерал)
қайрақтас (құрал)
қарағаш (ағаш)
қарасөз
қашаутас (бұжыр тас)
қойтас (тас)
қолағаш (құрал)
қорағаш (тоқпақ)
қуықтас (мед.)

кұбылтас (мин.)
кұйматас (кұрыл.)
кұлақағаш (қайық ағашы)
кұлпытас
кұмтас (жер жынысы)
кұсағаш (ағаш; тұғыр)
қызылағаш (өсімдік)
ләуліктас (мин.)
малатас
мамағаш
маржанағаш
мойынағаш (су әкелетін құрал)
обатас

рауғаш (өсімдік)
сарағаш (бұта)
сынтас (тастан қашалған мүсін)
тақтатас (тақтатасы)
тасағаш (тасағаш)
теміртас (темір рудасы)
тұмартас
тісағаш (диқан құралы)
ұлутас (қалдықтардан пайда
болған жыныс)
шағылтас (жартас)
шаңтас (тас)
шаршысөз

КІРІГІП ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕР

азғана
алагеуім (ала кеуімдену)
алагөбе (ала көбең тарту)
алагүлік (көне түркілерде
жылқыны күлік деген)
алағаншық (ала қаншықтанған боран)
алауыз (ала ауыз болу)
алдыңүні (алдыңғы күн)
алтатар (алты атар)
анағұрлым (анау құрлым)
әкел (алып кел)
әкет (алып кет)
әнеугүні (анау күні)
байғазы (бай қазы)
байғұтан (бай құтан)

бүгін (бұл күн)
білезік (білек жүзік)
жаздыгүні (жаздың күні)
жарғанат (жарғақ қанат)
жегжат (жек жат)
жедеғабыл (жедел қабыл)
келсап (келі сабы)
кесепат (кесел апат)
көгал (көк алсын)
көгорай (көк орай)
күздігүні (күздің күні)
кішігірім (кіші кірім)
қарағұс (қара күс)
қарғауыз (қарға ауызы тәріздес)
қолғабыс (қол қабыс жасау)